



2 шілде, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

САЯСАТ

2 Дәрі неге тапшы?



МЕРЕЙ

3 «...Тек жақсылық егер едім!»



ТҰЛҒА

4 Жердің емес, елдің ұлы, есіктің емес, төрдің ұлы



МҰРА

4 Домбыра, жүрегіммен үндес едің



● ПРЕЗИДЕНТ

ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ЕСЕБІН ҚАБЫЛДАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банктің есебін қабылдады. Мемлекет басшысына Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев және басқарма мүшелері екінші деңгейдегі банктер активтерінің сапасын бағалау бойынша өткен жылғы қаржы-несие саясатына қатысты жүргізілген жұмыстардың қорытындылары, Ұлттық банктің алтын-валюта резервінің ахуалы және Ұлттық қордың активтері жөнінде есеп берді.

Президентке Ұлттық банктің дағдарысқа қарсы бастамалары, 2020 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жоспары және коронавирус пандемиясы кезіндегі қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қабылдаған шаралары туралы баяндалды.

Қазақстан Президенті өз сөзінде қазіргі жағдайда ақша-несие саясатын тиімді іске асырудың маңыздылығын атап өтіп, 2030 жылға дейінгі ақша-несие саясатын іске асыру стратегиясын әзірлеу барысында халықаралық нарықтағы іргелі үрдістерді ескеру қажеттігін айтты. Жаңа Стратегия еліміздегі макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, қаржы жүйесінің орнықты дамуына тың серпін беруі керек.

● ПАРЛАМЕНТ

БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫС ӨТТІ

Парламентте бесінші парламенттік сессияны аяқтаған палаталардың бірлескен отырысы өтті.

Алтыншы сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бесінші сессиясы заң шығару жұмысының көлемі бойынша да, қабылданған заңдар шешімін табуға ықпал ететін міндеттер бойынша да өте ауқымды болды. Сессия барысында Палаталардың 3 бірлескен отырысы өтті. Сенаттың 25 жалпы отырысында 165 мәселе қаралса, Мәжілістің 41 жалпы отырысында 296 мәселе қаралды. Бесінші сессия кезінде қос Палатаның қарауында 161 заң жобасы болды, оның 98-і қабылданды. Бүгінгі күні Парламент қабылдаған заңдардың 86-на Мемлекет басшысы қол қойып, олар заңды күшіне енді.

● ӨНІР ӨНДІРІСІ

ӘК ЗАУЫТЫ ӘЛЕМДІК НАРЫҚТА



Жаңақорған ауданындағы «ПремиумКлассСтрой» әк зауыты әлемдік нарыққа шыға бастады. Бұған дейін Қазақстанның барлық өңіріне тарайтын зауыт өнімдері таяуда Қырғызстан астанасы Бішкекке жеткізілді. Бүгінде Ресей мемлекетімен келісімшарт жасасуда.

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы».

Осыдан екі жыл бұрын өнім өндіре бастаған зауыт жобасының құны – 140 млн теңге. Сол уақытта мұнда бар-жоғы 13 адам жұмыс істейтін. Ал ол кезде әк елімізге Өзбекстаннан жеткізілетін және Оңтүстік Қазақстан аумағындағы Сазтөбеде шығарылатын. Нарыққа ене салысымен жаңақорғандық зауыт өз өнімінің сапалылығын дәлелдеді.

– Өзім Алматыда тұрсам да, туған жерімнен кәсіп ашқым келді. Біраз зерттеуден соң 2017 жылы Жаңақорған аумағының тасы әк өндіруде теңдессіз шикізат екеніне көз жеткіздім. Біз өнімдімізді шығарып, жан-жаққа жөнелткенде алпауыт компаниялар Жаңақорғаннан шығып жатқанына сенбеді. Тіпті, «Өзбекстандық» дегендер де болды. Бірақ уақыт өте келе олар біздің өніміңіз жоғары сапалы екеніне көз жеткізді, – дейді

«ПремиумКласСтрой» ЖШС директоры Марлен Искаков.

Зауыт ашылғалы бері «Қазақмыс», «Қазақалтын» корпорациялары мен Өскемендегі титаномагний комбинаты – тұрақты алушылар қатарында. Мұндай өндіріс орындары әкті металл құрамынан ажыратып, бөліп алу үшін қолданады. Бұл ретте жаңақорғандық зауыттың өнімі жоғары белсенділігімен танылған.

– Қазір зауытта 70-100 адамға дейін жұмыс істейді. Көлем арқылы есептесетін үлгіде келісімге келген азаматтар бір ай жақсы жұмыс істесе 380-400 мың теңгеге дейін жалақы алады. Ал демалыстарды пайдаланып белгілі бір уақыт шеңберіне ақыға келіскендер әртүрлі жалақы алады. Олардың айлығы да аз емес, 250-300 мың теңгешамасында. Күніне 4 мезгіл тамақпен, заманауи жатақханамен қамтамасыз еттік. Барлық сақтық

шараларын қолданудамыз. Бізге жұмысқа орналасқысы келетіндер де жеткілікті. Себебіміз жұмыстан босап жатқан жұмысшылардың орнына демде адам табылып жатады, – дейді М.Искаков.

Зауыт директорының айтуынша, карантин кезінде мемлекетаралық шекараның жабық болуы отандық өнім өндірушілердің тауарларына сұранысты арттырды. Бүгінде зауыт тоқтаусыз жұмыс істеп тұр. Болашақта жұмыс ауқымын ұлғайтып, өндіріс көлемін арттыру жоспарда бар. Өйткені, қай кәсіптің болмасын үнемі дамуға болуы – заман талабы.

– Біз кәсіпкердің өндіріс орнын дамытуына барынша жағдай жасаудамыз. 2020-2023 жылдарға арналған «Бинестің жол картасы» бағдарламасында инфрақұрылым жеткізіп беру мәселесі қаралған. Осы бағдарлама шеңберінде біз 60 млн теңгеге электр энергиясы мен 160 млн теңгеге 2,3 шақырым темір жол түйығын салуды облыстық бюджетке ұсынып отырмыз. Жуырда кәсіпкердің есебінен 980 млн теңгеге АГРС салынбақ, – дейді аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Қаржыбек Бүркітбаев.

Жаңақорған ауданы

● ЕЛОРДА

ЕСІЛ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ЕҢСЕЛІ ҚАЛА



Еліміз тәуелсіздік алған соң азат мемлекет ретінде қабылдаған тарихи шешімдердің ең негізгілерінің бірі – астананы Арқа төсіне көшіру болғанын жаңа тарихты жазушылар да, әлемдік сарапшылар да әлдеқашан мойындады.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

Уақыт өткен сайын көз ілеспес жылдамдықпен дамып, жер жаһандағы әсем шаһарлардың қатарына қосылған Нұр-Сұлтан қаласы осы жылдар ішінде Қазақстанның басты брендіне айналды. Еуразия кіндігіндегі жас қала алып құрылыс алаңына айналып, дәстүр мен жаңашылдықтың озық үлгілерін бойына

жинады. Әлемдік деңгейдегі басқосулар мен жиындар өтетін, адамзатқа ортақ мәселелердің шешімі талқыланатын орталыққа айналды. Бір ғана ЕҚЫҰ саммиті қаланың атын дүние жүзіне әйгіледі.

Астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру идеясы алғаш рет жария

етілгенде бұл бастамаға түсінбестікпен қарағандардың қарасы қалың болды. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы Әлихан Бөкейхановтың «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұл-қызын оқытсақ. «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» шығарған, Шокан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау» деген арманы сол ғасырдың соңында ғана ақиқатқа айналды.

Тәуелсіздіктің елең-алаң шағындағы жаңа мемлекеттің қалыптасу кезеңі мен жаңа астананың дамуы қатар жүрді. Нұр-Сұлтан – Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан

Әбішұлы Назарбаевтың төл туындысы екені ешкім айналып өте алмайтын ақиқат. Ол туралы Елбасының төмендегі толғанысы жаңа ғасыр қаласының тарихын таразылағандарға жол сілтейді. «Жаңа астанаға көшу және оны салу туралы ой менде ертеректе, сонау алыстағы 1992 жылы туған еді. Бірақ мен ол кезде мұны аузымнан шығармадым, өйткені Қазақстанның экономикасы ойлағанды іске асыруға мүмкіндік бермеді.

...Қазақстанның Президентігіне бүкіл халық болып сайланғаннан кейін, мен Ақмолаға келдім. Есілден көлденен тартылған ескі көпірдің ортасында тұрып, өзенге қараймын.

2-бет.

● COVID-19: МАМАН МІНБЕРІ

ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕР ІНДЕТТИҢ АЛДЫН АЛУҒА СЕП

Коронавирус індетіне байланысты барша әлем күрделі кезеңді бастан өткізіп отыр. Елімізде, оның ішінде өңірде ауру күннен-күнге өршіп барады. Арал ауданында да эпидемиологиялық ахуал күрделі.

Бүгінде жергілікті инфекциялық стационарда 21, провизорлық стационарда 28 пациент ем алып жатыр. Инфекцияны симптомсыз тасымалдаушы – 17, наукастармен қарым-қатынаста болған 67 адам үй карантинінде. Осыған дейін 56 адам ауруынан айықты. Ауданда қауіпті індеттің үш ошағының тіркелуі жағдайды күрделендіріп жіберді. Яғни, отбасы мүшелері, туған-туыс, бірге жұмыс істейтіндердің өзара байланысы салдарынан жұқпалы ауру асқына түсті. Өзінің, жақын-жуығы мен дос-жаранының денсаулығын ойлаған адам сақтық шараларына салғырт қарамауы тиіс.

Күнделікті статистикадан елімізде жұқпалы дерттің шарықтау шегіне жеткенін көріп отырмыз. Айналамызда дене қызуы көтеріліп, түшкіріп, жөтеліп ауырып, үйде емделіп жатқандардың саны күрт көбейді. Пневмония асқынып тұр. Жаз мезгілінде бұлай жаппай сырқаттану

тәжірибемде бұрын-соңды болған емес. Иә, халық бұған дейін әлемді шарпыған ауруға бейжай қарап келді. Бірақ қазір қайтадан тәртіп орнай бастады. Көпшілік маскалық режимге көшті. Осы және қолды антисептикпен тазалау, бөлмені желдету, әлеуметтік арақашықтықты сақтау сынды қарапайым ғана ережелер аурудың алдын алуға сеп екенін әрбіріміз түсінуге тиіспіз.

Вирустың таралуы күшейген тұста аудандағы мониторинг тобы кәсіпкерлік нысандарын тұрақты түрде тексеріп жүр. Рейдтік шаралар нәтижесінде карантин талаптарын елемегендерге ескерту беріліп, айыппұлдар салынуда. Ондағы негізгі міндет – дүкендер мен базарлар, қоғамдық тамақтану және тағы басқа қызмет көрсету орындарындағы санитарлық талаптың сақталуын қадағалау.

Аталған шаралардың қай-қайсысы да біз бен сіздің денсаулығымыз



үшін маңызды. Сондықтан баршаның да карантиндік шектеу шараларын сақтауға, мәселеге зор жауапкершілікпен қарауға шақырамын.

Ақция САТЕКЕЕВА,
Арал аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшысы, ауданның бас мемлекеттік санитариялық дәрігері.





ЕСІЛ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ЕҢСЕЛІ ҚАЛА

Маған қаланың ортасында өзен ағып жатқан болса, қашанда сол ұнайтын. Өзен қалаға ерекше бір көрік береді, мәртебесін көтереді. Мысалы, бізде Жайықтың бойында – Атырау, Сырдарияның бойында – Қызылорда, Тобылдың бойында – Қостанай, Ертістің бойында Семей мен Кереку орналасқан. Ал әлемде қаншама Астаналар ылғи өзен жағасына салынған! Санкт-Петербург – Невада, Мәскеу – өзі аттас өзенде, Париж – Сенада, Лондон Темзада тұр. Оның үстіне Ақмола Қазақстан мен бүкіл Еуразияның орталығына орналасқан». Арада аз уақыт өткенде Есіл бойында армандағы қала тұрғызыла бастады.

Қазақ тарихындағы астаналардың сабақтастығына зер салсақ, ел үшін олардың қай-қайсысының да орны ерекше. Откенғасырдың басында біздің Ақмешіттің, қазіргі Қызылорданың қазаққа басты орда болғанын бүгінгі

тұрғындары мақтанышымен айтамыз. Ақмешітті астана ретінде таңдағанда Сұлтанбек Қожанов «Қазақстан астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазқтың киіз ауылында болса да, қазақ жұртшылығына жуық болуы керек. Қазақ астанасы болуға Орынбор қаласы шетте болғандықтан ғана жарамайды емес, қазақ қаласы болмағандықтан, қазақ ұлт мемлекетінің ұлтшылдығына орда болуына қисыны жоқтықтан жарамайды. Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса, өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, қазақ ұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қолына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын» деген дәйек келтіріпті. Бар болғаны 4 жылда Қызылорда сол дәуірдегі қазақ зиялыларының басын қосқан, ұлттық білім мен мәдениеттің орталығына айналып үлгерді.

Бүгінгі бас қаламыздың бастауы,

түпқазығы қағылған жері, қазақтың тарихи ордасы болған Сыр бойындағы кең тараған атаулар астананың бет-бейнесінен орын алған. Оған астандағы Қызылорда облысындағы жер-су аттарымен аталған көшелер дәлел болады. Жана әкімшілік орталықтағы көшелер Ақмешіт, Қармақшы ауданының орталығы – Жосалының атымен аталады. Нұр-Сұлтанда Сыр бойындағы ірі аудан орталықтарының бірі – Шиелінің аты бір көшеге берілген. Қызылордадан ең үлкен тармағы өтетін Сырдария өзенінің аты да астана келбетін айшықтап тұр. Қыпшақ мемлекетінің сауда және саяси орталығы болған Сығанақ қаласының, орта ғасырлардан сақталған көне Жанкенттің атауы еліміздің байтағынан лайықты орын тапқан. Сыр бойында туып, елдік намысты биік ұстап өткен, бүкіл қазақ жерінің тұтастығы үшін күрескен батырлар есімі де жаңа астананың көшелеріне берілген.

Қызылорда қаласында соңғы онжылдықта бой көтерген жаңа аудан мен ең үлкен даңғыл Астана атауын иемденген. Жалпы жылт еткен жаңалықты, болашағынан зор үміт күттірген жобаларды астана есімімен байланыстыру үрдісі қалыптасты. Ырымшыл халықпыз ғой, бұл басталған істің Арқа төсіндегі әсем қаланың даму қарқыны мен бөлекше бейнесіне ұқсаса деген ниеттен туындағаны болар. Қазір Есілдің сол жағалауына салынған жаңа қаланың ізімен Сырдарияның сол жағалауы бой көтерді. Дарияның арғы бетіндегі құрылыс қарқыны қызылордалықтардың да сөздік қорына «сол жағалау» деген атауды енгізді.

Бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласы – еліміздің әкімшілік орталығы болумен бірге азат елдің, ұлттың қайта тулеуіне, әлемдік өркениетке ұмтылуы басталдағы. Бас қала болғалы бері өнеркәсіп, инвестиция, туризм салалары бұрын-соңды болмаған

жетістіктерге жетті. Бүкіл ел астананың даму қарқынына ілесуге ұмтылуда. Бүгінгі Нұр-Сұлтан – бұрынғы астаналардан мүлде бөлек, тәуелсіз мемлекеттің таңдауы болумен қатар әлемге әйгілі архитекторлардың қолтаңбасы қалған жаңа дәуірдің қаласы.

Нұрсұлтан Әбішұлының «Астана – бұл менің төл перзентім. Әр адам, тегінде өз қаласын сүйетін шығар. Ал біз өзіміздің жас қаламызды үш есе артық сүйеміз. Өйткені біз оның құрылысын тақыр жерден бастадық. Мұндағы әрбір жаңа мүйіс, әрбір жаңа ғимарат біздің жүрегімізден шыққан, себебі олар туған сәтінмен бастап біздің көз алдымызда» деген сөзі бас қаланың тәй-тәй басқан қадамынан бастап, бүгінгі кемел шағына дейінгі жолын көз алдыға әкеледі. Бұл жолдың ортасы емес, өйткені астананың айбыны асқақтар шақ әлі алда.

Жерлестеріміз – ҰҒА академигі

Ұлттық ғылым академиясының жалпы жиналыс сессиясында 2017 жылдан бері босаған орындарға (вакансия) академияның корреспондент-мүшелері мен толық мүшелерінің (академик) кезекті сайлауы өтті. Сайлау қорытындысы бойынша ҰҒА құрамы жетекші ғалымдармен толықты. Олардың қатарында жерлестеріміз де бар.

Атап айтқанда, химия және технология ғылымдар бөлімшесі жаңа материалдар технологиясы бойынша Қылышбай Бисенов академик атанды. Ол – жаңа құрылыс материалдарын өндірудің энергия ресурстарын үнемдейтін технологияларын әзірлеу және жетілдіру жөніндегі ғылыми мектептің негізін қалаушы. 260-тан астам ғылыми еңбектің авторы, оның 35-і – патент, 12-сі – монография, 3-і – оқулық, 20-сы – ғылыми және оқу-әдістемелік құрал. Ол 3 ғылым докторы, 7 ғылым кандидаты, 4 философия докторын (PhD) дайындады. Білім мен ғылымның ұлттық жүйесін жетілдіруге, әлеуметтік-экономикалық дамудың, елдің қоғамдық-саяси және рухани өмірінің өзекті мәселелеріне арналған 280-нен астам мақала, 100-ге жуық сұхбат шығарды.

Биология және медицина ғылымдары бөлімшесі биология саласы бойынша Болатбек Әбдірасылов корреспондент-мүше атанды. Ол – тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін дамытуға зор үлес қосты. Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеушілердің бірі. Ғылыми жетістіктері үшін Нобель сыйлығының лауреаты П.Л.Капица атындағы Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының естелік медалымен марапатталған. Ресей, Австралия, Голландия, Оңтүстік Корея, АҚШ-тың танымал журналдарында 60-тан астам ғылыми жұмысы жарияланған.

Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесі шығыстану саласы бойынша академик атанған Бауыржан Омаров – филология ғылымдарының докторы, профессор. Бүгінде Президент кеңесшісі лауазымында. Б.Омаровтың ғылыми-зерттеу саласы – әдебиеттану, 100-ден астам ғылыми жарияланым мен 10 ғылыми-публицистикалық кітаптың авторы.

Биология және медицина ғылымдары бөлімшесі медицина саласы бойынша ҰҒА академигі Болатбек Баймахановтың есімі елімізде ғана емес, алыс-жақын мемлекеттерде де таныс. Адамның ішкі органдарын трансплантациялауда күрделі оталар жасап, талай жанның ауруынан айығуына үлес қосып жүр. Қызылорда облыстық ауруханасында дәрігер-хирург боп еңбек жолын бастаған ол – бүгінде «А.Сығанов атындағы ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ басқарма төрағасы.

Ал қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесі тарих саласы бойынша Берекет Кәрібаев академик болды. Ол – 2016 жылдан бері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі. 600-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік жұмыс, оқу, оқу-әдістемелік құралының авторы. Оның ішінде жеке монографиялық кітаптың, авторлық ұжыммен жазылған 40-тан астам кітаптың, 4 тарихи анимациялық фильм сценарийінің авторы. Б.Кәрібаев 50-ге жуық халықаралық және республикалық ғылыми конференцияға қатысып, онда XIII-XVIII ғасырлардағы Қазақстан тарихының этникалық, саяси, мемлекеттік тарихы мәселелері, қазақ тарихындағы тұлғалар тарихы туралы баяндамалар жасады.

Сондай-ақ, Қызылорда облысын басқарған Мұхтар Құл-Мұхаммед, әріптесіміз, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі де академик атағын иеленді.

Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ

● ПІКІР-ПАЙЫМ

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АЙБЫНЫ

Кез келген астана сол елдің айбыны, мәдениеті мен өркениетінің көрінісі іспетті. Сарыарқа төсінде бой түзген астананы Алты Алаштың бренді, рухани темірқазығы десек болатындай. Сонымен қатар, саясат, экономика, мәдениет, спорт пен руханияттың ошағы.

Толайғайдай күн санап өскен алып шаһардың Қазақстанның бас қаласына айналуы үшін Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев аянбай тер төкті. Ұлт Көшбасшысының тәуелсіздік алған жылдары жаңа астана ретінде Ақмола-тұңғыш астанаға көрерген саясаттың жемісі еді. Сөйтіп, Есілдің жағасында көз ілесес жылдамдықпен сәулетті шаһар бой көтерді.

Қазір елорда жылдан жылға түрленіп, архитектурасы жағынан озық елдермен иық тірестіріп, дамып келеді.

Нұр-Сұлтан қаласы жас та болса, көріктілігімен көз тартып, әлем халқының назарын өзіне аударып отыр. Әлемдік деңгейдегі маңызды шешімдер осында қабылданады. Нәтижесінде Қазақстан бейбітшіліксүйгіш, әлемге достықты насихаттағыш ел ретінде танылып үлгерді.

Елбасының «Астана – жаңа Қазақстанның күш-қуаты және оның көпұлтты халқының жасампаз энергиясының көзі. Астана – азаматтарымыздың үміті мен болашаққа деген сенімінің символы» деген сөзі бар. Сол сияқты ол – шексіз мүмкіндіктер,



асқақ армандар мен биік мақсаттар мекені. Үлкен қалада бәсекелестік өте жоғары. Ал бәсекелестік бар жерде ғана ала жылжуға, дамуға мүмкіндік бар.

Тұрғанбай МАХАНОВ,
ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі

АСҚАҚ АРМАНДАРҒА ЖЕТЕЛЕДІ

Сарыарқа төсіндегі самалды өлке асқақ армандарға жетеледі. Алыстан арман қуып келген талай жас осы жерден қанаттанды. Биіктерге көз тікті. Ел үмітін арқалап сәуір сырдың жағасынан біз де келдік. Иә, бас шаһардың бүгінгі келбеті кісі көзі тоарлықтай.

Біз тауы жоқ жерденбіз. Сырдан қырға келдік. Туған жердің төсінде, ұлан ағырапта, қазақтың дархан көңілдідей ұшы-қырсыз жазықта өсіп-өндік. Бірақ, тауға қарап көл сөзбадық. Биіктікті таумен емес, қияда ұшқан қыранның қанатымен өлшедік. Десе де, еліміздің астанасында ояңған армандар сол биіктен түскен жоқ.

Еуразияның жүрегіндегі осы өлкеде жүріп, елдегі мәселелердің шешілуіне ат-

салысып жүрміз. Арман қала айымызды оңымыздан тудырып, Сыр анамыз, Алаш бабамыз жүктеген міндеттің үдесінен шығуымызға септесіп тұр.

«Бәйтерегі» асқақ рухыңды биіктетіп тұр. «Хан Шағдар» ұлтымыздың ұлылығын паш етеді. Зәулім де әсем ғимараттар жан сарайыңды көркем етеді.

Туған күнімен, бас қалам! Еңсесі биік, рухы асқақ,



Геннадий ШИПОВСКИЙ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

● ТАҒАЙЫНДАУ

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ОРТАЛЫҒЫНДА – ЖАҢА БАСШЫ

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің келісіміне сәйкес «Сыр медиа» ЖШС құрамындағы облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының директоры болып Уәлихан Ибраев тағайындалды. Кеше облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова серіктестік ұжымына орталықтың жаңа басшысын таныстырып, қызметіне сәттілік тіледі.



Ибраев Уәлихан Серікұлы 1981 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1998 жылы Қызылорда қаласындағы №187 М.Шокай атындағы қазақ орта мектебін бітірген. 1998-2002 жылдар аралығында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Тарих, құқық және экономика негіздері пәнінің мұғалімі» мамандығын үздік дипломмен аяқтаған. 2002-2003 жылдар аралығында сол университеттің «Жалпы тарих» кафедрасында оқытушы болған. 2003-2006 жылдар аралығында Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқыды. 2008 жылы «Патшалық Ресейдің Оңтүстік Қазақстандағы отарлық жүйесі (Граф К.Паленнің сенаторлық тексеру комиссиясының материалдары негізінде)» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты атанды.

2007 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Жалпы тарих» кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы. Сол жылдан бастап «Тарих және қазақ филологиясы» факультетінде, 2009-2011 оқу жылдары Гуманитарлық-педагогикалық мамандықтар бойынша сырттай оқу факультетінде декан орынбасары қызметтерін атқарды. 2012-2013 жылдары университеттің «Еуразиялық өркениет және Сыр өңірі» ғылыми-зерттеу орталығында аға ғылыми қызметкері, 2013-2014 жылдары Тарих, құқық және экономика институты директорының оқу және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары болды.

2014 жылы Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ-нің Ғылыми сараптама және әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы, 2015 жылдың 15 қыркүйегінен бастап «Қоғамдық келісім» КММ-нің директоры қызметін атқарып келеді.

Айта кетейік, бұған дейін «Рухани жаңғыру» орталығының директоры болып келген Нұрлыбек Мылжас денсаулығына байланысты қызметтен өз еркімен босатылды.

«СБ» ақпарат

● ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ

КОЛЛЕДЖ ҒИМАРАТЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ

Жанакорған аграрлық-техникалық колледжі қаншама жылдан бері ауыл шаруашылығы саласына қажетті мамандарды даярлап келеді. Оқу ғимаратының пайдалануға берілгеніне алпыс жылға жуықтады. Осы уақыт аралығында оған ешқандай күрделі жөндеу жасалмаған.

Енді жаңа оқу жылына дейін күрделі жөндеуден өткізіліп, шөкірттерін қабылдайды. Бұл игілікті іс елімізде жүзеге асып жатқан «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында қолға алынған. Бас мердігер «Нұр-талап және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құны 500 млн теңге тұратын күрделі жөндеу жұмыстарын мамыр айынан бастап қолға алған еді. Тамызда толықтай орындап шығуға бар күшін салып жатыр.

Бүгінде колледжде 500-ден астам студент білім алады. Оқу орнында барлығы 189 адам қызмет атқарады. Олардың 84-ін педагог мамандар құрайды. Барлығы 14 мамандықта 32 біліктілік бойынша

тәлім береміз. Ғимарат ескілігіне байланысты кейбір талаптар бойынша мүмкіндігіміз шектеулі еді. Енді жаңғыртылған білім ордасында жастар сапалы білімге қол жеткізеді.

Қазір бұрынғы сылақтар тазартылып, қайта жаңғыртылуда. Құрылыс барысында барлығы 126 адам еңбекке тарту жоспарланған. Оның тең жартымына жуығы жергілікті жұмыспен қамту орталығы арқылы келеді. Жоба бойынша колледждің сыртқы ғимараты да жөндеуден өткізіледі. Ол металл-сәйдингпен қапталды деп жоспарланған.

Осылайша атаулы бағдарлама тарихы терең арнаулы оқу орнының тыныс-тіршілігіне ерекше серпін беріп, материалдық-техникалық базасының жақсаруына үлкен септігін тигізеді.

Жомарт ШӘУЕНОВ,
Жанакорған аграрлық-техникалық колледжінің директоры

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Дәрі неге тапшы?

Жаздың аптап ыстығына қарамастан жүрт қазір жаппай тұмау. Түшкіріп-пысқырып жүргендер көп. Дене қызуы көтерілгендердің дені өз бетінше емделіп жатыр. Ал бұл дәріханаларда ұзын-сонар кезектің қалыптасуына, дәрі тапшылығына әкеп тіреді.

Әсіресе, парцетамол таптырмас препаратқа айналды. Денсаулық сақтау вице-министрі Людмила Бюрабекова орталық коммуникациялар қызметінің сәрсенбідегі брифингінде оның қоры осы аптада толығы түсетінін айтты.

– Бүгіннен бастап парцетамол таблеткалары келді. Дәрі қазірдің өзінде Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларындағы, Қарағанды облысындағы дәріханаларда қолжетімді. Апта соңына дейін барлық өңірге жеткізіледі, – деді ол.

Қазақстанда парцетамолдың 80 түрі бар. Сураныстың жоғарылағаны сондай, халық оны таблетка, шәрбат, балауыз



күйінде де сатып алып жатыр. Вице-министрдің айтуынша, дене қызуын түсіру үшін парцетамолды ибупрофенмен алмастыруға болады. Бірақ оны күніне 3-4 реттен артық қолданбау керек.

Ыстықты қайтаратын, вирусқа қарсы, антибактериалды

дәрілік заттардың жоқтығына қызылордалықтар да шағымданған еді. Қала әкімдігінің мониторинг тобы біршама дәріхананы аралап, мәселені зерттеп көрді. Расымен де, кейбір дәріханалық ұйымдарда әлгіндей препараттар жоқ боп шықты. Өйткені сұраушы көк Содан да тез өтіп кетіп жатыр. Мысалы, дәріханалардың бірінде бір мезетте 2 мың аспирін сатылған. Бұл – бір айлық қормен пара-пар.

Бүгінде облыс орталығында 178 дәріхана мен дәріханалық пункт фармацевтикалық қызметпен айналысады. Халық жиі шағымданатын ендігі мәселе – баға жайы. Дәріханалардың жекеменшікте болуы ойға келгенді істеуге болады деген сөз емес.

– Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналымына қатысты мәселелер бойынша мына мекен-жайдағы құзырлы мекемеге хабарласуға бола-

ды: Бектұрғанов көшесі, 10 «а» үйі, телефон нөмірі: 23-82-92, – дейді облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің бөлім басшысы Нұрбек Әділханов.

Дәрілік заттардың шекті бағасы жылына екі рет белгіленеді: 10 шілдеге және 10 қаңтарға дейін. Жарты жыл ішіндегі теңге бағамы да, сату маусымдылығы да оған әсер етпейді. Ал шекті баға «DarıKz» мобильді қосымшасында көрсетілген.

Бағаны бақылау министрліктің құзырында. Бас пайдасын ойлап, дәріні қымбатқа сатқандар үшін әкімшілік жаза көзделген.

– Шекті бағаны белгілеу барысында бізде нақты талап бар. Сол себепті дәріханаларда сатылып жатқан дәрі-дәрмек қатаң бақылауда, – деді вице-министр брифингте.

"СБ" ақпарат

● М.Сыдықов – 80

Сайлаубай ЖҮБАТЫРҰЛЫ,
жазушы, көсемсөзші-эколог,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері,
Қоғам қайраткері,
«Парасат» орденінің иегері

«...ТЕК ЖАҚСЫЛЫҚ ЕГЕР ЕДІМ!»

Қабырғалы қазекем өз тарихында талай данышпан ақыл кенін, сұңғыла философ, жау жасқар батыр, жезтандай әнші тұғызған. Мұндай қасиет иелерін айтқанда, біз көбіне өткен бір заманалар жұлгелерін қуалап кетуге бейімбіз. Ал анығында, әр заманның өз майданы болатыны тарих қолға ұстатқан шындық. Әр уақыт, мейлі ол зар заманның сарнау күйлерінде болсын, қой үстіне бозторғай ұя салған мамырлы жырларда болсын, әйтеуір, өз ағымның толқындарында өз тұлғаларын өмірге келтірген. Бір емес, бірнеше замана сынын басқа салған кешегі, XX ғасыр да сондай тарихтың бір, бірегей ерек алабы болды. Ол да өз тұлғаларын тұғызды. Біздің замандастар, тағдырластар, ғасырластар... Үсті-үстіне қат-қабат келген зұлмат зілзаласы да, таң-тамаша ғажабы да көп ғасыр болды ол...

Осы күні аты әлемге мәлім болған (өкінішке орай, орны толмас ғапылдықта) Аралды айтыса – еш киноның қиялы жетпестей ереуіл көріністер мен мұңды мақам Батысының да, Шығысының да жүрегін сыздата жөнелер еді. Сол әуен дүниесі Арал үні, Арал дабылы деп қабылданған. Мойындалған.

70-жылдардың аяқ тоғысы. Басынан бағы тайған сонау теңіз жағасынан бір ашы үн шықты. Ол «Аралмен мұңдасу» жырын көтерген акын Мұрат, сазгер Мұраттың азаматтық үні еді... Сол бір Ұлы судың жағасында, екі ғажап тоғысының жүрек дүпшіл, тыныс-самалын, бір шоршып түскен торта ойынын, шағаланын жап еткен қанатқағысын зерделеп өскен сол көңіл. Не айтыса да, өмірдің өзіндей ақиқаттар тұғырынан айтпақшы ақжолтай ниет. Аруақтар тілегінің үнімен сөйлеуге иманы ықылас... Санады ойға бұл өз сонша түсініксіз жағдай емес, ұлдық парыздың бір парасы сондай. Азаматтық үнінің бастау табиғаты сонан. Теңіз толқыны тербеген мінез, теңіз әділдік өсірген көңіл тапшынысы сол. Ол сонау ерек дүние мұңын тереңірек сезген. Соның жолында жан-тәнімен тебіреніс кешкен. Сонан туған еді гой әлгі атойлы жыр! Тарихтар «інгәдан» басталған... Сонау ілгерірек, Сыр мен Арал тоғысындағы бір кара шаңырақта, бір кара баланың айқайы өзіннің жарық дүниеге келгенін паш етіп еді. Осыдан 80 жыл бұрын. Табиғаты мол пішінген, көңіл асқайлау, болмысы қазақтың өз затындай кең – дарқан судың жайсаң жағасы еді. Сол, Арал толқынымен астаса жеткен періште дауыс болашақтағы үлкен азаматтық үнінің басы екенін сезімтал ата-ана жүрегінің ақ тілегінен басқа, ұққан-сезген біреу болды ма екен?.. Жә, ондай әулиелік міндетті де болмас... Сыдық қария мен Болқын-ананың құбақан шаңырағы еді... Дария мен теңіз қауышқан Кішітүбек-Қарашалаң топырағы... Көкжиектен үрей мен

ащы-тұщысын заманымен бірге, бір адамдай-ақ татып өсті.

Өз сөзіне салып айтсақ, «алты жасынан домбыра ұстады». Болар баланың тағдырын айқындаған бірінші талап сол. Талап басы, өмірінің сонан кейінгі кезеңдері, «әләуәлп жүріп жазды алған» бос,

Мен қатты кісі едім. Алайда, Мұрат «Махамбеттің толғауын» ойнап отырғанда, кешегі қайран Махамбет пен Исатайлар шын елестеп, көзімнен еріксіз жас шықты.

А.ТОҚПАНОВ,
қазақтың тұңғыш кәсіби режиссері,
Қазақстанның халық артисі

мәнісіз тіршілік болған жоқ. Дегдар Толстойдың «Қажы Мұраты» сияқты, өзінің тақыр да тұзды топырағына тамырын терең жіберген (ұлдық махаббатпен тереңдеткен), тағдырдың қандай жұлмасы мен сілкіпесі болмасын, тарамыстанып, үзілімге келіп, егесіп, ерегесіп өрлейтін қайсар қасиет болмысын тапты... Сол мұңдасу!.. Дүние құлағы елең еткендей еді... Менің де бүкіл азапты Арал жолым кестеленіп, көз алдыма келді... Жалғызжалау айқақтағы көңіліме жұбаныш таптым... Сонан бері біз сырласпыз. Жакынбыз. Мұңдаспыз. Дабыра-дақырт жолында емес, ұлдық сезім, ұлдық парыз қамшылаған адамгершілік соқпақтарында. Адам өзі табиғатына (яғни жан үндесін) іздейді. «Арал!» деп ұрыңған жарты ғасырдан аса өмір сүркінінде, жолдан қосылған кейбір пысықай, конъюнктуралық «жолбіке ерлерді» есепке алмасақ, менде шын жан қайғысын бөлісер көп дос та болған емес. Кімді кінәлайсың, бәрінің ұйқысы тыныш, жарқын ұрандар өрепкіген заман еді. Базбіреу, құдіреті күшті Совет заңына қарсы келіп өле алмай жүр ме, әлде, сөйткен «ерлік» қызметіне, мансап-беделіне пайда беріп, бала-шағасына азық бола ма?

Осындай Сыр сұлейлерінің лайықты ізбасарларының бірі – айдынды Аралдың сан қырлы талантты төл перзенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, Арал ауданының Құрметті азаматы, күйші-композитор, жыршы-ақын Мұрат Сыдықұлы Сыдықов.

Қ.КӨШЕРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы

катердің кара бұлттары да ереуілдесіп тұрған шақ... «Соғыстың балалары» деген ұғым бар тарихта. Таланы соған түспал келген Сыдық баласы Мұрат сол ұрпақтың, сол уақыттың бар

дер. Ілкеу пысықтар әр кезең амалдарымен, жел баққан аңдаулармен ұтымды өмір кешкен гой... Бірақ, әл сөзімі сені сайға бұқтырып қой ма?!..

Сол ұлдық сезім қамшылауынын

«арқасы» гой: сіңіріміз шығып жүріп, жариялаған мақаламыздан, жазған-сызған еңбектерімізден, ән-жыр, жиындардан түскен жүздеген, мыңдаған сом ақшаны Аралға көмек қорына аударатынымыз... Бүгіннен санағанда ғана емес, сол кездің өзінде де аз дүние емес еді... Есептен

тысқары болдық. Қулыққа бармалық. Ел мен жер деп, отқа-суға ұрыңғанда, көңілде аруақты рух жебеуі жүрді. Сөйткен «донкихоттыққа» бүгін біреулер іштей күлер, бір ізгі көңілдер тұшына мойындар... Асылы... Ел көзі ашық, Құдайдың назары әділдікке тұзу гой. Ат басындай алтын беріп сатып ала алмайтын абырой бар бүгін. Халық ықыласы бар. Бәрі сол «көңілге берген» иман байлығы деу ләзім.

Сондай тұғырдан таймай келген бір тұлға – Мұрат Сыдықов.

Бұл есімің тізгініне тіркестіре, бүгін көп адами дәреже тізбесін қосуға болар еді: күйші, сазгер, ақын, жырау, фольклорист, қоғам қайраткері, ұйымдастырушы, отансүйгіш,

Мұрағаның халқымыздың киелі жыраулық өнері
саласындағы зерттеу, орындау еңбектері – өз алдына бір төбе.
К.ДҮЙСЕКЕЕВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, кәсіби композитор

азамат... Және «дарынды күйші-композитор, жыршы, шебер орындаушы, сұңғыла сценарист, білікті режиссер, тамаша актер, табиғи биші, ұлағатты ұстаз» деген ел пікірін аттап өтуге тағы болмас. Өрбіріннің атынан ат үріккендей бұл дегдар дәрежелер бір адамның болмысына жайдан-жай келіп қона қалған кезекші қасиет, өткінші бақ емес. Қайсысын бөліп алып қарасаныз да, тамырлы құбылыстарға тереңдей бойлап кете барар едіңіз. Мөкен соның жеке-жекесі де және бәрі де. Сондықтан, кең құлаштап айту да, тараулап тоқтата сөйлеудің қай-қайсысы да бір жағы – тартымды, бір жағы – аса жауапты талап болмақ.

Иә, Мөкен Құдай берген әлеует-талантты бос ойын ошағында жағып, өмірдің көгенке жырларын бөсте-кей ағымда өткерген жоқ. Қарап

отырса, болмысын мәнге, төңірегін әнге, ағайын көңілін сәнге толтырған өмір-кесте құралыпты... «Балықшы қыз», «Қайдасың сен?», «Сыр гүлі», «Жан-жарыма», «Аққуым менің» сияқты жастық сезіммен мөңдірген әндер... Бәлкім, шабыттына шалқу қосқан Базар-сұлу – Базар жегейдің жан-ағын, сезім-бастауы бар бұл жастық туындыларында. Екеудің сыры, жүректен шыққасын, елдің жырына айналып кете барады. Со-нан ба, Сыр бойы, Арал жағасы ғана емес, қазақтың кең төсейінде бұл әндермен талай сезім гүл ашты, талай махаббат баянын тапты деп білем... Үлкен азаматтық позицияға жол бастаған өнер жастығынын алғашқы толқындары гой бұлар. Махаббаттың ұлысы – туған жерге деген сезім. Азамат тұлғасын сомдайтын сол құдірет. Бұл орайда мен, сөздің рет-хронологиясын бұзып қойып, «Аралмен мұңдасу», «Арал толғауы», «Сүйінші, теңіз-анам келе жатыр!» туындыларын ерек бөліп атар едім...

Мұнан арғы жолдарда, Қазақстан Композиторлар одағының сыныпшыл көңіл төрінен ойып орын алған «Арал толқыны», «Сырдария», «Қыдыр қонған Қызылорда», «Шалқи бер, дала!», «Туған жер», «Майдангерлер мәңгі жасайды», «Әке арманы», «Қайран, ағалар!», «Біздің Ганин», «Өмір толғауы», «Тойға шашу», «Махамбеттің толғауы», «Батыр баба – Жанқожа», «Астанаға сәлем»

және де басқа әндер мен күйлер көгені ағытылды. Есімдері дүниеге мәлім ән бұбұлы, қаһарман апа Роза Бағланова, Нұрғали Нұсипжанов, Мәдина Ералиева, Набат Айдылұлетова, Рысбек Өшімов, Елмұра Жаңабегенова, тұйғын-күйші Ерболат Мұстафаев, елімізге белгілі Қазанғап, Тұрмағамбет атындағы оркестрлер осы туындылардың рухын тасытып, республикамыздың радиотелекорының алтын сөресіне апарып қойды.

Аралдың бағы кетсе де, әні мен сәні кетпеген сортаптау жағасында «Шағала» «Толқын», «Алау» ән-би ансамбльдері, «Алтыбақан» ойын-сауық отауы, ұлт-аспаптар оркестрі, «Сыдықовтар» отбасылық ансамблі құрды ер кезеңде. Сөйтіп, тайпаламай төнген нәубеттің бетін өнермен қайырмай, «қарлығаш қанатымен су сепкендей» бір игі істер атқарды. Осынау еңбек, өнер үлгісіне ел ардақтылары Аскар Тоқпанов, Фарица Онғарсынова, Роза Бағланова, Ғазиза Жұбанова, Шара Жиенқұлова, Мыңжасар Манғытбаев, Еркеғали Рахмадиев, Кеңес Дүйсекеевтер жүрек-жарды пікірлер айтты. «Сыдықовтардың отбасылық ансамблінің құрамы шағын болса да, бір шығармада оншақты музыкалық аспапты пайдаланып, шебер ойнайтын музыканттар екен. Шығармаларының мазмұны, орындау шеберліктері жоғары. Бір қуанарлығы, композиторы да, ақын да, әнші де, жыршы да өздерінде...» деген Е.Рахмадиевтің сөйіс-сөзі осы реттен. Осы сөз Сыдықовтар отбасын 1988 жылы Мәскеу төріне апарды. Жарты әлемнің өнерпазы алқаласқан өнер аламында таңғажайып триумф болды.

Шын талант, Құдай берген қасиет, мейлі, сен алқаулы астана-шаһарда өмір сүр, мейлі, бау-шарбақты ауылда жүр, бәрібір, ондайлық «жағрафиямен» санаспас болар. Қын түбінде өткір пышақ жата алмайтыны сияқты, бір күні қалай да жарып шығар. Айдай әлемге өз үнін жария етер. Және мойындайтын. Талант. Және талмас еңбек. Бұл екеуінің басы біріксе, әй, екеуінің алмайтын қамалы жоқ-ау! Әлемді тебіренде жүріп, Аралынан көңілді үзбеген Мөкеннің азаматтық ерлігі – осының бір таңбалы мысалы.

Жастық лирикалары, туған жер алдындағы ұлдық парыз туындылары ретінен кейін, күйші-композитордың тарихи, аруақты дүниелерінің өзіндік биігін шоқту ләзім. «Махамбеттің толғауы», «Мұраттың төкпесі» «Батыр баба Жанқожа», «Ақтан батыр»...

Бұл күйлерді жай ғана тындап опа таппайсың. Ол мүмкін емес. Әсіресе, «Батыр баба...»! Шынында да, ұлы шығарма бұл. Отқа-суға салады. Бипаз сырлы нюанстар қапелімде ұлы жосын жорыққа, тасыр-тұсыр майдан сахнасына ұласады. Майда қоңыр аяңы мен тебіңгі терден шіріген жортуылды жорықтың жан алып, жан беріскен сәттері алуан бояуда санаңда ойнап, сезімді тулақтай қағып, жаныңды жай таптырмас. Отырған орындығың ойы ер, төңірегін майданға айналады... Күй біткенде, батыр аруағымен әлі де бірге күңіреніп, жаныңның солығын көп баса алмай отырсың... Міне, өнер сиқыры. Сиқыр емес-ау, хикметі, құдіреті!..

Мұраттың «Теңізбен мұңдасу» атты үлкен шығармасы – Арал тағдырының гимні. Өте әсерлі, мәнді туынды.

Ф.ОНҒАРСЫНОВА,
ақын, Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері

Бәрінің толымды түйіні – соңғы жылдары шыққан екі дүние. Көп жылдардың толғамы, көп ебептің байламы. «Жырлайды Арал перзенті» және «Жыр мәйегі – мақам». («Кітап» деу – кемшін соқпандай бір анықтауыш болғасын, «дүние» деп отырмын. Дүние сипатты болғасын, оның ішінде көп қазына бар). «Жырлайды Арал перзенті» – қазақтың қасиетті саны – 7 бөлімнен тұрады. Ер бөлімнің етек-жеңі кең, айтары көп. Ғасыр мәнді ғұмыр мен зейнетті еңбектің түгелденген, тұжырымдалған толық намуасы. Ұлағаты мол, ұстыны биік дүние. «Жыр мәйегі – мақам». «...XIX–XX ғасырларда Арал-Қазалы өңірінде өткіп, бүкіл Сыр бойын дүбіретіп атакты Нұртуған мектебінің негізін қалаған – Ыжан, Жансүгір (Сары жырау), Молда Дәулет, Жаңабеген, Жаппарберді, Дәрікүл, Жалғасбай, Үмбетәлі сынды дүлдүл жыраулардың баға жетпес асыл қазыналары – ән-мақамдарын жоғалтып алмай сақтап қалу үшін көп жылдардан бері зерттеп, нотаға түсіріп жинақтадық...» деген авторлық сөзбасы туынды негізін ашады. Еш жерге ұқсамайтын Арал-Қазалы жыр өнерінің бол-

Мұраттың табиғи таланттылығы, ерен өнерпаздығы бірініш кезекте оның тегінен, қанынан тамыр тартары сөзсіз. Екінші кезекте оның жанқиярлық, өлермен, өзін-өзі аямайтын еңбекқорлығы, тынымсыз ізденімпаздығы, төзімділігі, талап-шылдығы, талғампаздығы жатыр...

С.ШАУХАМАНОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері

мысы осында ашылады. Абай мен Нұртуғанның рухани үндестігіне осыдан тәңті боласын. Жаңабегеннің қыран дауысын есітесің. Сырға толы, терең фәлсафалы Жаппарбердінің мұңды мақамдарына бойлайсың. (Мөкеннің Арал тұлғауларына көп дөс берген, демеу болған аруақ...) Дүлдүлдердің соңғы тұяғы іспетті Үмбетәлі жыраудың ақыр-сырын білесің... Үлкен еңбек, зерделі жұмыс. Ұғынылуы мен түсінілуі әлі де кемшін жауһар жәдігерлеріміздің беті бері қарап, ұрпақтары алдында шүкіршілік пен байырқа тапқан алқалы қауым отырғандай бүгін төрімізде.

Сексен белестің алдында бас-аяғы түгенделіп, өмірге келген осынау екі сүбелі еңбек. Ұзан жылдар, ұзақ жолдардың тұжырым-түйіні десе лайық.

Мұрат Сыдықовтың еңбегі мен еткен-еккенінің адами, іліми, өнер-теориялық тереңіне бойлауға, мына, мен қаузап отырған жедел жазба, қалай тартсаң да, келте шапан болмақ. «Өнерге бар талабы...» балғын жастаң бастап, рухани өрістің талай сүрдегі мен шүйгінін шалған сарабалд маманның бағдар ұстар жөн сілтеушісі, сілемі сан-тарау өнердің, көргені мен көгергені мол өмірдің қыры мен сыры және тағы да басқа адами қазынасы мол дүниелер. Байытты бағамдауда көп кеніш ашары сөзсіз.

Мұны талай сөз шебері, өнер сейістері айтып та жүр. Және сол кенен, терең еңбектерді діттеп айту, талап зерттеу әлі де кемшін екені орынды ескертіліп те жүр. Шындық сөздер, қосыламын. Толғамды-талғамды ойлар өздерінің лайықты сөзін айтады, баға-бәсін әлі де ашып береді деп

сенемін! Тек, теориялық, ғылыми зерделі сөз ғана емес, өнер тәрбиелі сыныптарда, кафедраларда, институттарда дәріс, ілім деңгейіндегі әлеуеті ашыла түссе – өнер өрісінде, рухани өмірімізде бір игілікті іс жүзеге асқан болар еді.

М.Сыдықов тұстай бір өлкенің – Арал алабының ғасырлардың бақилық астарына ұзаған көне жәдігерлерін тірілтуші, жанғыртушы және сол дәстүрлерді сыры мен сылын бұзбай сақтай отырып, жалғастырушы да.

Ой түйінін тұжырында: жыр, өнер, жәдігерлер әлеміне орнатылған, бірегей дәстүрдің, мектептің энциклопедиясы дәрежесіндегі еңбектер.

Өткенге тамсанысты қанағатта, ат қантарып, ескетін судан пығарып отырған жан емес ол. «Үйрен дана Абайдан», «Сабырлық, бірлік керек бәрімізге!» туындылары – Мөкендей өнер дарағының биыл жаз қосқан жаңа жапырақтары. Уақытқа үн қосу. Ел тілегімен бір болу. Талант тұғыры әлі өз биігінде...

Базар жеңеймен екеуі отбасы, өмір-тұрмыстың қос ұстыны болса, өнер деген айдында ақ құстың қатар қағылған қос қанатына ұқсаған жандар. Бұл жарасым-үйлесім ел алдындағы өнеге мысалында орныққан. Мойындалған. Жаратқан екі жаксыны солай сай еткен. Тағдыр қосқан. Мәуелі бақ дәрежесіне шейін әулет өсіру жазған. Алтын асықтай ұлдар мен қыздар, немере-шөберелер – сол бұйырғанның ең қымбат мәуесі. Бүкіл ізденіс-тірілтердегі таяныштары Жанлос, Сәнира, Айлос және немере, шөберелер – осы іспетті Құдайдың берген бағы. Өрине, күнгей астарында өмірдің кей көленкесі жүреді. Отбасына тағдыр салған қиындық та жоқ емес... «Жаратқанның сыны» деген сабыр бар... Біраздан бері ілеленіп жүрген өнерлі оғылан Төлеген тәуір болады деген үміт үлкен...

Өткеннің жүгі, адалынан жиылған болса, өз қомпашына өзі батып, қолдың кіріндей өшіп, ғайыпқа сіңіп жоғалмас болар. Ел ықыласты еңбек атқарылса, қаттаулы қазынадай болып, көңілдер төріне шығады. Өмірдің игілікті жемісі түрінде елдің көзінде, еңбегі халықтың көңілінде, асыл-

дары ұлыстың рухани қазынасында қаттаулы тұрады. Мөкеннің барша мұраты да сол іспетті болып шықты. Тіпті кенге салсақ, сонау бір жан үні әлем құлағында жүр бүгін.

Бәрінің артында ақ тілеулі ел мен жердің асқақ рухы тұр.

Кей сәгі от-майданнан бір де кем емес мылтықсыз майдандың ерлері. Бұны басынан кешкендер терең түсінеді... Бүгін де «жағадан алғандар» мен «етектен тартқандармен» бітіспес күрес бар. Арал жарқақты ашық, майданы әлі тынған жоқ. Қажыр, қайрат, ізденіс талап еткен жол бұл... Ағасының 80-жылдығына өлең арнаған алматылық ақын інісі Айярарқ Ерөлиев дұрыс айтқан: Дүниенің бар байлығын құрбан еттің, Жолында ұлы өнердің тоқсан тарау...

Шебердің салалы саусақтары аспап шапағын қармап, сабағына бипаз қонғанда... жоқ бұл өнер адамының үйреншікті кәсіби машығы емес, бұл аруақты бір сәттің орнауы – Махамбеттің ереуіледе егеулі найзаны қолға алып, Құрманғазының құдірет үйірліген сәтте, қасиетті кара домбырасын бауырына баса, сарта жүгінуі болып қос алдыма келеді...

Мөкен бүгін, Құдай қалап, екінің



Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, күйші, жыршы, ақын Мұрат Сыдықовтың «Жырлайды Арал перзенті», «Жыр мәйегі – мақам» атты кітаптары мен «Теңізбен терең тілдескен», «Сұлу Сырым үнөскен» атты ән-күйлері ұнтаспасы 2017 жылы Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен жарыққа шықты.

● И.АДЫРБЕКОВ – 70

ЖЕРДІҢ ЕМЕС, ЕЛДІҢ ҰЛЫ, ЕСІКТІҢ ЕМЕС, ТӨРДІҢ ҰЛЫ

Мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, Қызылорда облысының құрметті азаматы Икрам Адырбекұлы Адырбеков адамзат баласының айтулы белесі 70 жасқа толып отыр.

И.Адырбеков аймағымыздың өсіп-өркендеуіне, халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына өзі облыс басқарған жылдары біліктілігімен үлес қосты. Сыр өңірінде батыл істердің бастамашысы болған азаматтық тұлғасын танытып, атын қалдырды.

Бүгін тұғырлы тұлғаның мерейлі жасқа толуына орай онымен қызметтес болған жылдарымды еске түсіріп, естелік жазбамды ортаға салмақпын.

«Бетеге кетсе – ел қалар...» деген кезекте, Сыр өңіріне қаншама аптал азаматтар басшылық жасады. Ел басқару да – өнер, қалың бұқараның көңілінен шығып, артында анық із, айта жүрер сөз қалдырар ердің ісіне екінің бірі тәуекел ете алмайтын анық.

Дәл сондай құрмет пен ықыласқа лайық болған ел ағаларының бірі Икрам Адырбекұлы еді десек, дөп айтқандығымыз. Ол 2004 жылы сәуір айының басында Қызылордаға облыс әкімі болып тағайындалды. Мен ол кезде «Казнефтегазконсалтинг» серіктестігінің директоры болып қызмет етіп жүрген едім. Бұл ел экономикасының әлі бірқалыпты жағдайға жетпеген кезеңі болатын. Мемлекеттік мекемелердің жұмысы сын көтермейді, оларға бөлінетін ақша қызметкерлердің айлықтарынан артылмайды. Қарапайым халықтың тұрмыс жағдайы төмен. Сол кезде облыс бюджетіндегі қаржы 30 миллиард теңге шамасында екен, ахуалды осыдан-ақ бағамдауға болады.

Икрам Адырбекұлының әкім есебіндегі алғашқы жұмысы облыстағы барлық елді мекендерді аралап, танысып шығу болды. Айтылып отырған кезеңде аудандарда әлі электр жарығы бармаған ауылдар да бар еді. Сондай ауыл тұрғындарының бірі «біздің ауылға облыстың бірінші басшысының бірінші мәрте келуі» депті. Бұл – рас сөз. Сондай-ақ, ол кісі жергілікті жұрттың ақыл-кеңесіне құлақ асып, елдің жағдайын жақсы түсінетін, қолынан іс келетін, қысылтаянда жол таба білетін азаматтарға салмақ сала бастады. Мысалы, шаруашылықпен шұғылданып жүрген, бұрын мемлекеттік қызметте болған Бекмырза Еламановты өзінің орынбасарлығына, жол құрылысымен айналысатын жабық акционерлік қоғам президенті Мұрат Удербаетты қала әкімі қызметіне шақырды.

Мұрат екеуіміз кеңес заманынан құрылыс саласында бірге жұмыс істегенбіз, бұрыннан серіктес, жақсы жолдас едік. Сондықтан ол мені өзіне орынбасар болуға үгіттеді. Облыс әкімінің қабылдауына ертіп апарып, сол күннен бастап Икрам Адырбекұлымен қызметтес, ниеттес азаматтардың қатарында болдым.

Сол кездері қаланың коммуналдық қызметінің жай-күйі

өте төмен болатын. Жылу тым нашар, кәріз жүйелері тозып шіріген, ауызсу мәселесінің де ушығып тұрған кезі. Ауызсумен айналысатын мекеме жекенің қолына өтіп кеткен. Көшелердегі кәріз суының құбырлары әр жерден жарылған, олардың жанынан жүргінші адам аузы-мұрынын басып зорға өтетін.

Икрам Адырбекұлының жақсы қасиеттерінің бірі қандай істі болса да ақылға салмай шешпейтін. Бұл мәселеге де салалық мамандардың ой-пікірін ортаға сала отырып, «Водоканалды» бюджет есебіне қайтарып алу керек деген қорытынды жасады. Осыған байланысты кәсіпкерлерді жинап, қалаға көмек беру туралы үйлестіру жұмыстарын жүргізе бастадық. Жиналған қаржы ауызсу мен кәріз жүйесін жөндеуге бағытталып, осыдан кейін ғана су мәселесін бір жөнге келтірдік. Бірақ, әбден тозығы жеткен жүйе бір жерін жөндесең, екінші жері қайтадан жарылып жататын. Қалаға жылу беру жайы тіпті қанағаттанғысыз. Көпқабатты үйлердің өңірлеріндегі тұрбалар жарылып, су толып кеткен. Үйлердің асты жылы, сондықтан Сырдың сары масасы су кілкіген көпқабатты үйлердің өңірлерін «өмірлік мекен» қылып алған. Тұрғындардың пәтерлерінде күндіз-түні масахана құрып жататынын жасырып қайтсеміз.

Қаланы жылумен оңтүстік және солтүстік екі жылу қазан-



төңірегіндегі мәселелерден хатшы бар кісілер қатысты. Сол жиында бір үлкен кісі:

– Қала жағдайын жақсартуға қатысты мәселені сырттан келген адам шеше алмайды. Келіп-кететін адамдар шешім қабылдаса, Қызылорда оңбайды! – деп дүңк ете қалды.

Жылуға қатысты бұ қазандықтарын салу керектігін айтып, оның техникалық мүмкіндіктерін есептеп отырған біз,

атқарылып жатқан қат-қабат жұмыстар жайында ескерту айтатын шығар дедім. Өйткені, материалдық жетімсіздіктен істің бірі келеге келсе, бірі – келмей жатқан уақыт. Алайда, бұл жолы Икрам Адырбекұлы мені өзінің орынбасары болып жұмыс істеуге ұсыныс білдірді. Сөйтіп, мен 2005-тің қаңтарында облыс әкімінің орынбасары болдым.

Икрам Адырбекұлы облыс басқарған үш жылға жуық ішінде су тасқыны, зымыран-тасығыштың құлауы, шетел компанияларымен арадағы келісімді реттеу, қаланы газдан-дыру сияқты – бірнеше ірі мәселелермен бетпе-бет келді.

Дария тасуы қауіп кезінде облыс басшысы бір сәт тағат тауып орнында отырған жоқ. Аз күндік демалыс алған, онысын түгел пайдаланбай, жедел түрде жұмысқа оралды. Сырдария, Жалағаш аудандарын су басу қауіпі тұды. Жаңақорған ауданындағы Төменарық ауылының бірнеше үйін су шайып кетті. Сол кезде Икрам Адырбекұлы құтқарушылармен бірге қолына мұз итеретін сүңгі алып апатты жерлерде жүрді. Бұл біріншіден, ол кісінің өзін көпшілікпен бірдей деңгейде ұстайтын қарапайымдылығының, екіншіден, ел үшін ешқандай қиындықтан тайынбайтын табандылығының айғағы іспетті еді.

Сонымен бірге бұл кісінің басқарса бір ерекшелігі жұмыс барысында кездескен қиындықтарды жеке басының қиындығынан кем көрмейді. Сол жұмыс орындалғанда оны өз есебінен марапаттап отырады.

Икрам Адырбекұлы әкімдік қызметте де кәсіби қабілетін көрсете білді. Адамның айнасы – оның мінезі. Мінез – әр адамда туа бітті қалыптасатын дүние. Мінезді өзгертуге болады дейді білетіндер. Өскен жер, қоршаған ортадан алған тәлім-тәрбиенің арқасында адам өзін жақсылыққа жетелеп отыруы тиіс. Сондықтан да елшілік қызметтегі кәсіби қасиеттері әкімдік қызметте де өзінің сындарлы сәттерде нәтижеге жетуге негіз болғанын білеміз.

Қылышбай БИСЕНОВ, Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы.



Бірде күтпеген жағдай болып, қаладағы магистральдық құбыр жарылды. Күн қақаған суық, сақылдаған аязды көтеріп әкеткен күшті жел бет қаратпайды. Он екі шақырымдық магистральды құбыр дәл ортасынан жарылып кеткен. Жұмысшылар мен мамандар жанкешті әрекетке көшкен, шынын айтқанда, адамдар мұзды суға сүңгілі. Әйтпесе іс бітпейді. Ақыры апат ауыздықталды. Ертеңіне Икрам Адырбекұлы барлық бригада мүшелерін кабинетіне шақырып алып: «Ерлікке тән еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын» деп, әрқайсысына өз қалтасынан сыйлық беріп еді. Ол осындай кең кеуделілік қасиетімен баршаға үлгілі іс көрсете білді.

Сырдарияның су тасқыны әрдайым қаланы шығынға батырып кететін. Сондықтан Икрам Адырбекұлы су тасқы-

нын мұнан әрі болдырмау, оның зардабын азайту мақсатында бұл мәселені тікелей Елбасыға айтып, Қараөзектен 300 текше метрлік контррегулятор-су реттегіш салдыртуға қол жеткізді. Осы гидрокүрылыстың пайдасын халық бүгінге дейін көріп келе жатыр.

2006 жылдың тамыз айында Байқоңыр космодромынан көтерілген «Днепр» зымыран-тасығышы құлап, Қармақшы ауданының Т.Көмекбаев, Қуандария ауылдарының маңына 120 тонна ұлы гептил төгілді. Біраз ғалымдар мен мамандар гептидің зияны жоқ деп дәлелдемек болды. Икрам Адырбекұлы олармен ымыраға келмеді, арнайы зерттеулер қорытындысына сүйеніп, гептидің топыраққа, ауаға сіңіп, мал азығына дейін ұлайтынын Үкіметке жеткізді. Үкімет облыс сұратқан қаржыны бермеді, өз уәжін келтірді. Сонда Икрам Адырбекұлы Президентке арнайы хат жазып, гептил уының табиғатқа, адамдарға әкелер зардабын дәлелдеп, Үкімет басшысының іс-әрекетіне төзбейтінін жеткізіп, қызметінен босатуын сұраған. Бұл ісі оның халық мүддесін өз болашағынан, өз қызметінен жоғары бағалайтынын көрсетті.

Сол жылдары Мемлекет басшының қолдауымен көп мәселелер өз шешімін тапты. Облыс басшысы гептил қауіпін сезінген ауыл тұрғындарын ауызсумен, дәрі-дәрмекпен тұрақты қамтып тұруды қадағалады. Осы іспен өзі басқа қызметке ауысқанша үзбей айналысты.

Икрам Адырбекұлы ең бір өзекті мәселе шетел компанияларымен тиімді жұмыс жасау

дегі мәдениетке, ауылға деген шынайы жанашырлығын танытты.

Сонымен қатар ілеспе газға төлейтін айыппұлды да Икрам Адырбекұлы облыстық мәслихат арқылы он есеге арттырып жіберді. Сол кезеңде «Демеу», «Игілік» қорлары құрылды. Әлеуметтік жобаларды әкімшілік осы қорларға жіберетін, ал, қаржыны бөлуді, жұмсауды кәсіпкерлер өздері шешетін және қадағалайтын.

Мен Икрам Адырбековтің басшылығы тұсында Қызылорда қаласының әкімі, облыс әкімінің орынбасары секілді жауапты қызметтерде жүріп, осы жұмыстардың қалай атқарылғанына, күрделі мәселелерді шешудегі ол кісінің асқан жігерлілігіне куә болғанмын. Сол жылдарда облысқа Қаржы министрлігінің бақылаушы органдары келіп, бір ай бойы бюджет қаржысының мақсатты пайдаланылуын кезектен тыс тексерістен өткізді. Облыстағы қалыптасқан қаржылық тәртіптің қатандығынан, мамандардың біліктілігінен, жариялылықтан, тазалықтан болар, ешқандай заңбұзушылық анықталмады.

Нәтижесінде, сол жылы облыс әкімі тәуелсіз еліміздің «Құрмет» орденімен марапатталды. Бұл атак аймақ басшысының шын мәнінде құрметке лайық екенін паш етті.

Икрам Адырбекұлы таза, нақты сөйлейді. Сөзінен де, өзінен де зиялылықтың, дипломатиялықтың лебі есіп тұрады. Балтық бойы, Индонезия, Малайзия секілді талай жердің мәдениетін менгерген адам. Кез келген мәселеде тіл табысуды, адамдардың уақытын құрметтеуді бірінші орынға қояды. Жиналыстарға, кездесулерге



тетіктерін тапты. Облыстың инфрақұрылымын дамытуға қомақты қаржы жұмсаймыз деген «Қазгермұнайдың» бес жыл бойы өз өндірісі үшін салынған

белгіленген уақыттан бір минут кешікпей келеді. Облыс әкімінің осы нақпа-нақтығына үйренген талай қызметкердің жайбасарлықтан арылғанын да білеміз.

Икрам Адырбековтің Қызылордаға қосқан жаңалығын айту керек болса, әркімнің де ойына алдымен «Астана» шағын ауданы түсетін шығар. Бұл кез көп уақыт қаланың тұрғын үй құрылысының баяулап қалған кезі еді. Қалаға жаңа үйлердің қосылып, қаншама жанжық баспаналы болуы – тікелей осы кісінің еңбегі. Сонымен бірге көпқабатты үйлерге қоса жеке тұрғын үй секторларын газдан-дыру жұмысы да осы басшының қолтаңбасы екенін көзі ашық адамдар жақсы біледі.

Мұнымен де шектелмей, Икрам Адырбекұлы мұнай компанияларынан қалаға газды тейулі беруді талап етті. Тек өңдеу мен тасымал шығындарын өтеуге келісіп, арнайы онжылдық келісім-шартқа қол қойғызды. Осылайша, қала халқы он жыл бойы тегін газ пайдаланды. Газдан-дыру болсын, басқа болсын, егер ақшаны алып, жұмысын дұрыс атқармаған мердігер болса, облыс басшысы олармен атқарығын кесетін. Бұл оның қолының таза екендігін көрсетіп тұратын.

Газдан-дыру кезінде ақшасын алып осы істі атқарып жатқан мәскеулік компанияның жұмысы өте баяу жүргізілді. Олар тіпті «бұл біздің ғана қолымыздан келеді» деп өз жұмысын міндетсіз істеуге көшті. Осы жағдайда

Икрам Адырбекұлы олардың атағына, абыройына қарамастан нақты жұмысты талап етті, соның салдарымен ақыры арадағы келісім-шарт бұзылып, газдан-дыруды басқа компания жалғастырды.

Икрам Адырбекұлы руханиат мәселесіне де ерекше қарады. 2004 жылды мәслихат депутаттарының шешімімен «Мәдениет және өнер жылы» деп жариялады. Соның арқасында мәдениеттің дамуына көп жұмыс жасалды. Дария жағасындағы ескі Қызылордадан қалған ғимаратты жөндеуден өткізіп, суретшілер галереясын ашып берді. Жалағаш ауданында жүріп, аты ешкімге таныс емес бір суретшінің үйіне барып, оның суреттерін сатып алғаны да бар. Халықтың өтінішін тыңдай отырып, осы бүгінгі «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің салынуы туралы шешім қабылдады. Өлі күнге созылып келе жатқан шыны зауытының жобасы да сол кезде жасалды. Облыс әкімінің орынбасары есебінде сол кезде ағылшындармен келісім-шарт жасасқан болатынын.

Облысқа инвестиция тартуға көп күш жұмсалды. Осы жөнінде форум өткізілді. Соның нәтижесінде көптеген келісімдерге қол жеткізілді.

Сөздің шыны, Икрам Адырбекұлымен қызметтес болған жылдары өзіміз де көп нәрсені көріп, тәжірибе жинап қалған орта жастың адамы едік. Алайда, осы бір тамаша адамнан үйренгеніміздің де аз емес екенін мойындаймыз. Икрам Адырбекұлы қарамағындағы адамдарға қамқорлықпен, сыйластықпен қарайтын парасатты мінез-құлқынан еш айныған

емес. Сондықтан болар, ол кісі кешікпей келеді. Облыс әкімінің аяқталатын. Тек басқа қызметке ауысуына байланысты біраз жобаны атқаруға үлгере алмады. Соның бірі орталық мешіт құрылысы еді. Сол кездегі орталық мешітті күрделі жөндеуден өткізу жөнінде тұрғындар тарапынан көптеген өтініштер түсіп жататын. Мәселені жан-жақты сараптай келе орын тарлығы алдымыздан шықты. Облыс әкімі И.Адырбековтің шешімімен тоғыз жолдық торабынан төрт гектар жер телімі бөлінді. Өзі бас болып мешіт құрылысына қаржы күйған белгілі меценат Б.Өтемурастовпен келісімге келді, жобасын жасатты, атауына келісті. Жаңадан бой көтерген әдемі мешіттің ашылуына ол кісі кейін арнайы келді. Сонда халық Икрам Адырбекұлының өздерінің арасында үш жыл емес, отыз жыл жүргендей құрметпен қарсы алды. Ол кісіге деген қарапайым жұртшылықтың ықыласы да алыстан байқалып тұрды.

Ол облысқа ешкімді танымай келді, ал, көштерінде қалың көптің қимасы болып аттанды. Жердің емес, елдің ұлы екенін танытты, өзіне қазақтың қай ортасы да жат емес екенін дәлелдеді.

Мұндай сирек, сұлу мінезді адам қашан да сый мен құрметке ғана лайық.

Имамадин ОҢҒАРБАЕВ, инженер-құрылысшы, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы

СҰХБАТ

«Жыл басынан бері 150 жоба қаржыландырылды»

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ ел Үкіметінің «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» қаулысына сәйкес құрылды. Оның мақсат-міндеті, мемлекет қолдауы мен өңірде атқарылған жұмыстар жөнінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыстық филиалының директоры Сәкен Әбеновпен сұхбаттасқан едік.

— Ұйымның мақсат-міндеті туралы айтып берсеңіз...

— Корпорация — агро-өнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында айқындалған ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың басым бағыттары бойынша кредиттеу бағдарламаларын іске асырушы ірі қаржы ұйымы. Халықтық тұтыну тауарларының, шикізат пен бастапқы өңдеу өнімдерінің өндірісіне бағдарланған жаңа және әрекет етуші кәсіпорындарды құру мен жанартуға бағдарталған «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы операторларының бірі. Миссиясы — жеке қаржы институттарын тарту және АӨК субъектілерінің құзыретін арттыру арқылы қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру жолымен АӨК-ні тұрақты дамытуға ықпал ету. Ол «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі компаниялары тобының құрамына кіреді. Қа-

зақстанның барлық облысында 16 филиалы орналасқан.

— Шағын және орта бизнесті қолдау — мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі. Төтенше жағдай мен карантин режимі бұған әсер етпеді ме?

— Елде қалыптасқан жағдайға қарамастан көктемгі дала жұмыстары биыл облыста жоспарлы түрде басталды. Жыл сайын мемлекет АӨК-ті қаржыландыруға 60 млрд теңге бөледі. Биыл көктемгі егіс жұмыстарын қаржыландыруға қатысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қаржыландыру сомасы 70 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Мемлекет есебінен бөлінген қаражатты аграршыларға уақытында жеткізуде несиелік серіктестіктер маңызды рөл атқарып отыр. Несиелік серіктестіктердің артықшылығы, олар шаруалар мен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арасындағы байланыстырушы буын бола отырып,



ауылдық жерлердегі шаруалардың қаржы жетіспеушілігі мәселесінде жедел көмек көрсетеді.

— «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыстық филиалының жұмысына аз-кем тоқталсаңыз...

— Ұйым бытыр жалпы сомасы 4 млрд 792 млн теңгені құрайтын 328 жобаны қаржыландырды. Оның ішінде 3 млрд 023 млн теңгенің 283 жобасы несиелік серіктестіктері арқылы. 839 млн теңге егіс шаруашылығына айналым қаражатын толықтыруға жолдана, 232 млн теңге фермерлерге техника сатып алуға бағытталды. Қалған қаражат корпорацияның басқа да бағдарламалары аясында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге ет бағытындағы мал

шаруашылығын дамыту, негізгі құралдарды сатып алу немесе айналым қаражатын толықтыру сияқты бірнеше басым бағытты төмендетілген проценттік мөлшерлемесмен қаржыландыруға жолданып отыр. Жыл басынан бері филиал 2 млрд 334 млн теңгенің 150 жобасын қаржыландырды. Оның 675 млн теңгесі егін шаруашылығы айналым қаражатын толықтыруға жолдана, одан бөлек 104 млн теңге техника сатып алуға бағытталды.

— Жоғарыда корпорацияның «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы операторларының бірі екенін айттыңыз. Осыған аз-кем тоқталсаңыз...

— Бағдарлама 10 жылға дейін кредиттеу мерзімін және

ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі жабдықты, сондай-ақ төрт түлікті, негізгі құралдарды сатып алуға жылдық мөлшерлемесі 15% болатын қолжетімді шарттарды көздейді. Оның ішінде инвестициялық мақсаттарға проценттік мөлшерлемесін субсидиялауды ескере отырып жылдық 5%-пен, айналым қаражатын толтыруға жылдық 6%-пен қаржыландырылады. Қаржыландыру өтінімдері корпорацияның өңірлік филиалдары және несиелік серіктестіктері арқылы қаралады.

— Тағы басқа қандай бағдарламалар қамтылған?

— «Кен дала» бағдарламасы бойынша көктемгі егін егу және жинау жұмыстарын өткізу үшін, несиелік серіктестіктері арқылы, «Сыбаға» бағдарламасымен импорттық ірі қара және ұсақ мал аналық басын арттыру, «Агро-бизнес» бағдарламасымен негізгі құралдар мен айналым қаражатын толтыру жұмыстарын, «Дөскер» бағдарламасы бойынша несиелендіруді жүзеге асырады. Қаржыландырудың субсидиялауды ескере отырып, жылдық 4-6% аралығындағы сыйақы мөлшерлемесі бар.

Әңгімелескен Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Пейште нұрың шалқысын



Әулетіміздің абыз ақсақалы, отбасымыздың тірегі, балаларының қамқоры болған ардақты әкеміз Байниязов Тасқара Алмаханұлы осы жылдың 29 маусымында өмірден озды.

Тасқара Алмаханұлы 1935 жылдың 1 қаңтарында Жалағаш ауданының Шәменов ауылында дүниеге келген. 1958 жылы Ташкент қаласындағы қаржы-экономикалық институтын бітіріп, Еңбек жолын Қазалы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумының бухгалтерлік бөлімінде оқытушы болып бастаған. 1960-1962 жылдары облыстық қаржы бөлімінде аға инспектор-экономист, 1962-1964 жылдары Қазалы аудандық қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1964-1980 жылдары Жалағаш ауданының «Коммунизм» совхозына бас экономист, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, аудандық

жоспарлау комитетінің төрағасы, аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1980-1997 жылдары «Ақсу» совхозында бас экономист қызметін абыройлы атқарып, құрметті зейнет демалысына шыққан. Ауылшаруашылық саласының өсіп-өркендеуіне мол үлес қосып, Еңбекшілер депутаттарының облыстық кеңесіне депутат болып сайланған. Ауданның құрметті азаматы, еңбек және тыл ардагері, қаржы саласының ардагері ретінде әкеміздің атқарған еңбегі ескерусіз қалмай, «Еңбектегі айрықша еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», Ұлы Жеңістің 60, 65, 70 жылдығы медалдарымен, Қызылорда облысына 70 жыл, қаржы, жоспарлау, банк жүйесіне 90 жыл төсбелгілерімен марапатталған.

Еңбек жолындағы ең жоғары баға — халықтың құрметіне, елдің ыстық ықыласына, ағайын-туыстың алғысына бөленді. Ардақты әкеміз аңамызбен бір шапырақ астында мағыналы гүмбір кешіп, бейерлі оқытып, текті тәрбиесін беріп, жоғары оқу орын бітіріп, әрқайсымыздың мамандық алып дүниеге бір кіріспі болып қаланымызға жол сілтеді.

Алланың ісіне не шара, ардақты жаның фәниден өткенін еске алып құран бағыштап отырымыз. Оқылған дұға қабырғызді нұрландырып, орны жәннаттың төзімен бұйырсын деп тілейміз. Сіз біздің жүрегімізде жасай бересіз, жан әке.

Байниязовтар әулеті.

Жаныңыз болсын жұмақта



Сұм ажал бұл фәниден халқына сыйлы болған, тұрашылдығымен, еңбекқорлығымен, адалдығымен үлкенге де, кішіге де үлгі болған ардақты әке, абзал жар Ықыласов Сәулетті алып кетті.

Ағайын-туысқа, ауылына, ауданға белгілі азамат, онегелі отбасы иесі, еңбек ардагері С.Ықыласов 1946 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, қазіргі Құмжіек ауылында дүниеге келген. Кіндік қаны тамған жерде өсіп-өніп, ұрпағын тәрбиелеп, елге қызметін жасап, туған жеріне, халқына астық демі біткенше қызмет етіп, қысылғанға

қамқор, адасқанға ақылшы бола білді.

1960 жылы Қазалы ауыл шаруашылығы техникумынан зоотехник мамандығын алып, тәжірибе жинауға жолдамасын Көкшетау облысына бірнеше жылға жіберілген. Елге оралған соң еңбектен қол үзбей жүріп 1990 жылы Алматы малдәрігерлік институтын «Мал дәрігері» мамандығы бойынша бітіріп, басшылық қызметке ауысты. 40 жылдан астам «Құмжіек» қарақол көп кеншарында зоотехниктен ферма меңгерушілігіне дейінгі қызметтерді адал атқарып абыройға бөленді. Мемлекетке синген еңбегі еленіп, 1999 жылы ауданда алғашқылардың бірі болып «Құрмет» орденімен және абыройлы атқарған қызметі үшін бірнеше мерекелік медальдармен, көптеген Алғыс хаттармен марапатталды.

Еңбек жолы жеміске, онегеге толы, абыройлы әкеміздің артында тура 50 жыл отасқан жары Сәлия, 3 ұл, 3 қызы, олардан өрбіген немерелері қалды.

Барар жеріңіз жұмақтың төрі болсын!

Ықыласовтар әулеті.

Отбасы орнықты болса, қоғам тұрақты

Осы жылдың маусым айынан бастап Қызылорда қалалық ішкі саясат бөлімінің "Қызылорда қаласындағы медиация қызметін дамыту" әлеуметтік жобасы аясында қала әкімдігі ғимаратында орналасқан "Құқықтық көмек көрсету орталығы" жанынан құрылған "Отбасылық кеңес" орталығы қала тұрғындарына қызмет көрсете бастады.

Ғазиза ӘБІЛДІ, «Сыр бойы»

"Отбасылық кеңес" орталығының негізгі мақсаты — қала тұрғындарына медиация қызметінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін кәсіби медиаторлар мен психологтардың қызметін тегін ұсыну. Бұл бағытта орталықта 2 кәсіби медиатор, 1 психолог, 1 ғылыми кеңесші және медиаторлар жаттықтырушысы — орталық жетекшісі қызмет көрсетеді.

Медиаторлар жаттықтырушысы Ләззат Шайзадақызының заңгер мамандығы бойынша 12 жылдан астам



еңбек өтілі бар, кәсіби медиатор. Оның айтуынша, осы уақытқа дейін орталықтың қызметіне 70-тен аса адам жүгініпті. Атап айтқанда, еңбек дауы, жер дауы, отбасылық келіспеушіліктерге байланысты мәселелер оң шешімін тапқан. Мысалы, осы айда 10 медиативтік келісім-шарт жасалған. Оның 5-еуі коммуналдық қызмет бойынша қарыздар өндіруге байланысты болса, қалғаны — жер дауы, отбасы дауы және кәсіпкер-

лер арасындағы келіспеушіліктер. Білікті мамандардың кеңесінен кейін дауласушылар бітімге келіп, аталған мәселелер оң шешімін тапқан.

Медиация, яғни бітімгерлік қызметі жөнінде қысқаша айтып өтсек, бұл — бұрынғы ата-бабамыздан келе жатқан қазылықтың балама түрі. Дәлірек айтсақ, қазылар дауласушы екі жақты ортақ бір бітімге келтіріп, әділ төрелігімен ағайынның татулығын, елдің бірлігін сақтай білген.

Жуырда "Бітім" медиация орталығының жаттықтырушысы, арнайы мониторинг топ жетекшісі Ләззат Шайзадақызы Бақтыбаева Қазақстан Республикасы Президентінің Қ.К.Тоқаевтың Жарлығына сәйкес тағайындалған "Халық алғысы" арнайы медалімен марапатталды.

— "Халық алғысы" мен үшін үлкен қолдау мен сенім деп білемін. Болашақта медиациялық қызметті одан әрі дамытып, халықтың көкейіндегі көптеген әлеуметтік тұрмыстық түйткілді мәселелерді сотқа жеткізбей-ақ, лайықты шешімін тауып, бастысы, ел ішіндегі татулық пен тұрақтылықты сақтауға үлесімізді қоса беретін боламыз, — дейді ол.

Байқауға Қазақстан Республикасында тіркелген және Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына мәліметтер ұсынған үкіметтік емес ұйымдар қатыса алады.

Бір үкіметтік емес ұйым бір номинациядан артық сыйлықақыны алуға ұсыныла алмайды. Сыйлықақы алғаннан кейін үш жыл ішінде оны алу үшін қайта ұсынуға жол берілмейді.

Бір номинация бойынша сыйлықақы бір немесе бір мезгілде бірнеше үміткерге берілуі мүмкін. Бұл жағдайда сыйлықақы олардың арасында тең бөлінеді.

Сыйлықақыны алу үшін өтінімді ұсынуға арналған тізбе мыналарды қамтиды:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақы беру конкурсына қатысуға өтініш;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес сыйлықақыға үміткердің сауалнамасы;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес сыйлықақыға үміткердің қызметі туралы сипаттама (растайтын материалдармен бірге);

4) соңғы 3 (үш) жыл ішінде ұсынылған бағыт бойынша іске асырылған жобаларды және бірлескен жұмыс барысында қол жеткізілген нәтижелерді растау мақсатында байланыс деректері көрсетілген қоғамдастық (үкіметтік емес ұйымдар) және (немесе) мемлекеттік органдар өкілдерінің ұсынымдары (екіден кем емес);

5) үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құрылтай құжаттарының және куәлігінің (анықтаманың) көшірмелері;

6) банк шотының болуы туралы анықтама (түпнұсқа).

Сыйлықақыны алу үшін үкіметтік емес ұйымдарды ұсыну жөніндегі өтінімдер Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам комитетіне қағаз және электронды жеткізгіштерде (CD-дискілерде не USB-флеш-жинақтағыштарында DOC, DOCX, Pdf форматында) 2020 жылғы 1 шілдеден бастап 1 қыркүйек аралығында келесі мекеңжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимаратының 15-кіреберісі, Анықтама телефондары: +7 (702) 376 84 00, +7 (708) 777 71 08, +7 (7172) 74-09-97

Қағидаға сілтеме <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017041>

Шәрібай ТӨБЖАНОВ, облыстық ішкі саясат басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының маманы

Жастар неге жиі адасады?

Жат ағымдар туралы айтқанда ең алдымен жастардың мәселесі алға шығады. Себебі, деструктивті діни ағымды таратушылар алдымен жастарды жандарына жиюға тырысады. Олардың сенгіш, ақпараттарды талдай білмейтінін жақсы біледі. Сонымен қатар бүгінде жастардың 100 процентке жуығы ғаламторды меңгерген. Ал, жалған діни ұстанымды таратушыларға әлеуметтік желілер арқылы насихат жүргізген өте оңай әрі оңтайлы. Олар осы әдіс арқылы адам психологиясына қалай әсер ету керектігін жақсы біледі.

Ғаламтор жайлы кеңірек әңгімелейтін болсақ, бір минутта YouTube-қа 400 сағаттық видео жүктеледі, WhatsApp-тан 50 млрд смс хаттар жіберіледі, Instagram-да 50 млн сурет жүктеледі. Ал, Google-ға минутына 4 млн рет сұраныс түседі. Әрбір минутта ВКонтакте парақшасында 3,5 млн пост жасалады екен. Осылардың ішінде қаншасы діни ақпараттар екенін ешкім білмейді. Жоғарыда аталған цифрлардың 1 ғана проценті деструктивті діни ағымдардың таратқан мәліметі дейтін болсақ, онда миллиондаған жастың бір сағат ішінде психологиясы өзгеріске ұшырайды деген сөз.

Дін орталығының мамандары мектептегі, орта және жоғары оқу орындарындағы жастармен жиі кездесулер ұйымдастырады. Әр кездесулерде оларға түрлі анықталар тартып, ойларын білуге тырысамыз. Сауалнама көрсеткендей, жастардың 60-70 %-і діни білім туралы ақпаратты ғаламтордан қарайды екен. Ал, әлеуметтік желілердегі ақпараттың бәрі ақиқат деп айтуға болмайды. Осыған қарап-ақ деструктивті діни ағымдардың теріс идеологияларының ағын судай тасып жатқанын аңғару қиын емес.

Бүгінде облыстық ішкі саясат басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының мамандары әлеуметтік желілерге талдау жүргізіп отырады.



Орталықтың «Интернет және БАҚ-пен жұмыс бөлімі» қызметкерлері Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қоғамдық келісім комитетінің дінтану сараптамасына айына күмәнді делінген 20-ға жуық ақпарат жібереді. Олардың ішінде аккаунт, электронды кітаптардың сілтемелері бар. Комитет мақұлдаған 7-8 ақпарат пен аккаунт жойылады. Бірақ, келесі айда тағы сараптама жасағанда біз жойған ақпараттар өзге аккаунттар мен желілерде қайта көрініс табады. Бұл — интернет желілердегі ақпараттарды мүлдем жою мүмкін емес деген сөз.

Теріс діни ағымдарды насихаттайтын ақпараттардың кең етек алуының себебін де анықтауға тырыстық. Тағы сол жастар арасында сауалнама өткізіп, зерттеу жасағанда жастар ВКонтакте, Instagram, Одноклассники

Қош бол, аяулы әріптес



1 шілде күні «СМІП-Қызылорда» ЖШС бас инженері Мұратбаев Сәзбек Еспенбетұлы дүниеден озды.

Ол 1966 жылы 7 сәуірде Қызылорда қаласы, МИС кентінде дүниеге келген. 1983 жылы №218 орта мектепті бітірді. Осы жылы Қызылорда қаласындағы политехникумге түсіп, 1986 жылы әскер қатарынан оралады. 1989 жылдан бастап «Ақтөбетрансстрой» мекемесінде монтаждаушы болып еңбек жолын бастады. 2000 жылдан бастап «СМІП-4» мекемесіне құрылыс шебері болып қа-

былданып, 2004 жылдың сәуірі айынан бастап «СМІП-Қызылорда» ЖШС-нің прораб лауазымына ауыстырылған. 2010 жылдан бастап осы мекеменің уәкасе басынысы, 2017 жылдан бас инженер қызметін атқарды. Сәзбек Еспенбетұлының басшылығымен бірқатар нысандар салынды. Арал ауданы, Сексеуіл кентінде әкімшілік ғимарат, Шиелі ауданы, Бидайкөл ауылында 600 орындық, Бала би ауылында 900 орындық мектептер, Байтөкүм ауылында 150 орындық клуб және т.б. нысандарда оның қолтаңбасы бар. Сондай-ақ, дарияның сол жағалауындағы жана қапқабаты түрғын үй құрылыстарына атсалысты.

Сәзбек Еспенбетұлы «Қазақстанның құрметті құрылысшысы» еді. Өз ісіне мығым, жұмысына жауапты, ұжымға сыйлы азамат болатын. Оның жарқын бейнесі әрқашан ұжымның жадында сақталады.

«СМІП-Қызылорда» ЖШС ұжымы.

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы және «Сыр медиа» ЖШС ұжымы «Отандар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ақпараттық-талдау департаментінің басқарушы директоры Нұрхан Жәлішевке әкесі

Бұхарбай Жәліевтің қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұжымы институттың техникалық персонал бөлімінің басшысы

Байниязов Сәтбек Аманбайұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда көпбейінді облыстық балалар ауруханасының ұжымы осы аурухананың бас мейірібікесі

Әбенова Гаухар Оразбекқызының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық сотының ұжымы мен ҚР Судьялар Одағының Қызылорда облыстық филиалы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің Персоналды басқару бөлімінің басшысы Жанат Сакыбайұлына анасы

Несіпжамал Ғабасқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесі ұжымы мекеменің мемлекеттік аудит бөлімінің басшысы - мемлекеттік аудитор Алдонғаров Ғазиз Серікқалиұлына анасы

Алдонғарова Қаршығаның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



● ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Домбыра, жүрегіммен үндес едің

«Ұзан хақ сөйлейді, ол шындықты айтады. Бұдан былай да, шындықты айтатын ұзандардың әрқашан үні өшпесін, тоқтамасын. Домбыраның тиегін ағыт, сөйлет домбыраны!» Бұл – «Осман империясының құрылуы» сериалында қолбасшы айтқан сөздің аудармасы.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Сериалда Осман бейлі ұлықтау тойына арнайы шақырылған жырауларды жана-қорғандық Ержан Аркабай мен Арсланбек Сұлтанбеков сомдайды. Қобыз бен домбырадан төгілген әсем әуен адамның жан дүниесіндегі сезімді, рухты асқақтатады.

Сериал үзіндісі әлеуметтік желіде тараған сәттен-ақ көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Біз отандасымызбен байланысқа шығып, түрік сериалына қалай шақырту алғаны жайында білген болатынбыз.

Өткен жылы белгілі «Воздаг фильм» киностудиясы домбырашы жігітке ұсыныс білдірген. Фильм әуендеріне арнайы альбом жазылады. Альбом 12 әннен тұрады. Оған Сүгірдің термесі де енгізілген.

– Бұл кездейсоқ түскен ұсыныс емес. Киностудия бізді әуел бастан таңдады. Менің Түркия елінде атқарып жатқан жұмыстарым ауқымды. Соны көріп бірлесіп жұмыс жасауға шақырды. Арнайы альбом жаздық. Онда түрік әуендерімен қатар қобыз, домбыра үні косылған. Сериалдағы домбыра

әуенін толық өзім орындадым, – дейді ол.

Киногерлер Ержанның домбыра мен қобыздың үнін үйлестіріп, Түркия көрерменін таңғалдырғанын көріп, музыкалық синтезді алдағы уақытта тарихи сериалдардың саундтрегі ретінде қолданатындарын айтқан.

Ержанды жетістікке жетелеген – бала күнгі арманы. Он жасынан бастап домбыра тартты. Бұл қасиет оған әкесінен дарыған. Қалтай Арқабаев айдандық мәдениет саласында 30 жылдан астам уақыт еңбек еткен. Дала жұлдыздары үгіт-насихат бригадасын басқарған. Ойын-сауық отауының жетекшісі болған. Мәдениет саласының үздігі атанған. Әке ізін жалғаған Ержан 2003 жылы Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжіне түсіп, білім алды. Одан әрі Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық өнер университетін үздік аяқтады. Алғашқы жұмысын облыстық филармония жанынан құрылған «Ақмешіт» фольклорлық ансамбліне бастады. Сонымен қатар өзі тәлім алған музыкалық кол-



ледже қызмет атқарды. Домбырашы жігіт 2013-2014 жылдары облыстық филармонияның атынан ТҮРКСОЙ ұйымының ұйымдастыруымен өткен Түркиядағы Наурыз фестиваліне қатысып, «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі құрамында өнер көрсетеді. Бірнеше белгілі қалаларында болып, қазақ өнерін, музыкасын түрік халқына паш етті. Бауырлас ұлттың қазақ өнеріне, әсіресе күйге ерекше құрмет көрсеткеніне тәнті болды. Гастрольлік сапарда жүріп, осында білімін жетілдіруді ойлайды. Алдымен тіл курсына қатысып, түрік тілін меңгереді. 2015 жылы Түркияның Конья қаласындағы Неджметтин Ербакан университетінің магистранты атанды.

Өнерпаздың арманы – қазақ күйлерін еуропалық стильде қайта жандандыру. Бұл мақсатына түрік елінде жол ашылғандай болды. Университет қанығырында түрлі шараларға қатысып, жергілікті халықтың назарын қазақтың қара домбырасына аударды. Жоғары деңгейдегі концерттерде өнер көрсетті.

Кейіпкеріміз бұған дейін Түркияда көрсетілген «Есімсіздер», «Дирениш Каратай» фильмдеріне саундтрек жазған болатын. Конья қаласындағы «Orhun Kültür-Sanat-Müzik-Film-Produksiyon» продюсерлік орталығымен бірлесіп, «Домбыра – түрік рухы» деген атпен қазақ тарихи күйлерінің digital альбомын

шығарды. Қазақ күйлерін таныту, дәріптеу, насихаттау мақсатында альбомның CD форматын жасады. Сонымен қатар түркітілдес елдерден оқуға келген өнерпаз студенттерді жинап, «Отау» ұлт аспаптар ансамблі құрды. Анкара қаласында домбыра курсы ашып, ынталы жастарға дәріс беруде. Дарынды өнерпаздың Түркі әлемінің музыкалық аспаптары арқылы орындаған «Адай» күйіне түсірген бейнебаяны жарыққа шығып, тыңдарманның ыстық ықпалына бөленді.

Қазір Ержанға түрік университеттерінен көптеген ұсыныс түсуде. Сондай-ақ, жақында ол 52 бөлімнен тұратын деректі фильмге түсуге шақырту алды.

«Ұлттық аспап сәндік бұйым емес»

Біржан Ділманов – домбыра шебері. Бала күнінен музыкалық аспап жасап үйренген оған бұл қасиет әкесінен дарыған. Шеберханада қайнаған тіршілікті көріп өскен бала бойына біткен өнерді дамытуға бел буды. Алматы қаласында білімін жетілдіріп, біраз тәжірибе жинады. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын жасаудың қыр-сырын үйреніп, білікті мамандардың арқасында біраз шыңдалды.



Шебер айына 15-20 домбыра, тапсырыс көбейген кезде 50 домбыраға дейін жасайды. Ең арзаны – 40 мың теңге. Оған кем дегенде бір апта кетеді. Ал, қымбат домбыра бір-бір жарым айда дайындалады. Оның бағасы 400-500 мың теңге. Бастысы, еңбектің сапасында. Домбыра жасайтын ағаштарды өзге қалалар мен елдерден арнайы алырады. Жергілікті теректі қолданады. Себебі, ағаштың мықты болуы аспап үшін маңызды.

Қазір Біржан өнерін кәсіпке айналдырды. «Жетіген саз аспаптары» жеке шеберханасын ашып, 4 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. 2017 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» қосымшасы аясында 1 млн 200 мың теңге қайтарымсыз грант жеңіп алды. Бұл қаражатқа қажетті құрал-жабдықтарын түгендеді. Заманауи құрылғыларға қол жеткізіп, жұмысы жеңілдей түсті. Шебер мемлекеттің қолдауының арқасында кәсібін біршама дөңгелентті. Мүмкіндігі мол

бағдарламаларға қатыса бастады. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорынан 4 млн теңге жеңілдігімен несиесі алып, оған соңғы шыққан станоктар сатып алды.

Еңбеккер жігіт үнемі ізденіп жүреді. Елімізге танымал шеберлермен бірігіп, тәжірибе алмасады. Өзін жан-жақты дамытып, ұлттық өнердің тереңге біткен тамырын зерттеп келеді. Сонымен қатар түрлі көрмелер мен байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иемденіп жүр.

– Бала күнінен колөнерге әуес болдым. Соның ішінде музыкалық аспаптар жасаудың өзіндік ерекшелігі бар. Себебі, одан әлемі әуен шығуы тиіс. Әр жұмысым үлкен жауапкершілікті талап етеді. Домбыраға тапсырыс берушілердің тапқағы әртүрлі. Біреулер сыйлық үшін алады. Бірі әсемдік үшін тапсырыс береді. Көбіне күйшілер мен әншілерге арнайы сапалы домбыра жасаймын, – дейді Біржан.

Шебердің қолынан 4000-нан астам домбыра шықты. Оларды елімізге белгілі тұлғалар, өнер адамдары пайдаланып жүр. Сонымен қатар ескі, бұзылған аспаптарды да қайта қалпына келтіреді. Домбыра шебері алдағы уақытта цех көлемін ұлғайтуды көздеп отыр.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ

● ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

Мейірімді қарлығаш

Жазғы демалыста ауылдағы нағашы атамның үйіне қидырып бардым. Мені көрген әкем мен атам айрықша қуанды. Ауылдағы демалысым қызықты өтті. Күнде тұс ауа өзенте суға шомылуға барамыз. Атамен бірге қой бағуға барамын, атқа мінуі де үйреніп алдым. Әкем ауылда өтетін той-томалаққа мені өзімен бірге алып барады. Қызықтың бәрін осы тойлардан көресін. Ауыл балаларымен бірге асыр салып ойнап-күліп жазғы демалысым өте қызықты болды. Бірде үйдің төбесіне салынған екі ұяны көріп қалдым. Қаланың баласы болғандықтан үйдің ішінде салынған ұялар менің қызығушылығымды оятты. Әжесіме айтып едім, ол кісі «Жарықтық, қарлығаштың ұясы ғой, балам тиіспес, үркітіп аласың» – деді.

Енді екі ана қарлығаштың ұясына кіруін, балаларына қорек тасуын бақылай бастадым. Бір күні екінші

ұяға келуі тиіс қарлығаш келмей қалды. Ана қарлығаш екінші күні де келмеген соң, бір жағдайдың болғанын сезіп, балаландары үшін жүрегім ауырды. Міне, қызық! Бірінші ұяға келіп жүрген ана қарлығаш қоректі екі ұяға кезек-кезек таси бастады. Арада айлар салып екі ұядан да балапанның шықпалы естіліп, қатты қуандым. Сол күннен бастап мен қарлығаштың аналық мейіріміне таңғалып, тәнті болдым. Бар өмірін маған және менің бауырларыма арнаған, балапанның қорғаған қарлығаштай таң ата ұядан ұшып кетіп, кешке Алланың берген ризығымен бізді тамақтандырған, қызғыштай қорғап, мәпелеп өсірген анамың жүрегіңдегі мейірімділікке толы екен ғой деген ойға қалдым.

Ақжан БАҚЫТБЕК,
Қызылорда қаласы

Ұлттық домбыра күні қарсаңында Қорқыт ата атындағы ҚМУ ректоры Бейбіткүл Көрімова оқу ордасындағы дәстүрлі өнер жанапшыларын марапаттады. Шарада университеттегі «Дәстүрлі өнер институтының «Дәстүрлі музыка» кафедрасының оқытушылары мен студенттеріне құрмет көрсетілді.

Дәстүрлі өнер жанапшылары марапатталды



Институт өткен жылы құрылған. Құрамында 3 кафедра, 10 мамандық бар. Бүгінде 232 бакалавр, 8 магистратура студенті білім алады. Былтыр білім ордасынан ұлттық мәдениетті сақтау мен жаңғырту мақсатында студент жастар арасында «Домбыра думан» клубы құрылды. Қазір мұнда 20-ға жуық күйші, жырау, термеші өнер көрсетеді.

– Өнер бар жерде өнеге бар, өнер бар жерде мәдениет бар, өнер бар жерде рухани байлық бар. Ұлттың ұлылығын паш етіп, қазақтың күмбірілеген

қара домбырасымен рухымызды асқақтатып жүре беріңіздер. Қоңыр үннен сұлулық та, даралық та, даналық та сезіледі. Бүгінгі мереке құтты болсын, – деді университет ректоры.

Бейбіткүл Сәрсемханқызы «Домбыра думан» клубына арнайылап домбыра аспабын тарту етті. Ал тәңір берген талантпен іргелі шаңырақтың мерейін асырып жүрген оқытушылар мен өнерлі жастарға Құрмет грамотасы мен Алғыс хат табыстады.

«СБ» ақпарат

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

Ерікті болу – жан қалауы



«Волонтер» десе, бұрынғыдай «ол кім» дейтін көзқарас қазір жоқ. Керісінше, қоғамдағы рөлі қамқорлық, бірлік ұғымымен астасып үлкен мағынаға ие болды. Төтенше жағдай кезінде ерікті жастар үй-үйді аралап, көмек көрсетті. Мақтаралдағы жағдайда да ұйымшыл волонтерлер бірінші жетті. Осылайша жүректегі титтей мейірім жағдайды өзгертетінін, бір адам, бір отбасы ғана емес, талайға жұбаныш болатынын білдік, жастардың ғана жұмысы емес екенін түсіндік.

Сб Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»



Бүгінде волонтерлік қызмет арнайы бағыттар бойынша да жүргізілуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Волонтерлер жылының басталу салтанатында бірнеше бағытты айқындап берген болатын.

Аса маңызды салаларды қамтитын жеті бағыттың маңызын жеке тартсақ. «Сабақтастық» жобасы аясында еріктілер балалар үйінің тәрбиеленушілеріне қамқор болса, «Саулық» бағыты бойынша медициналық волонтерлік дамиды, ауырған жандарға жәрдемші болып, кеңес береді. Ал, «Таза әлем» қоршаған ортаны қорғауға, «Асыл Мұра» материалдық және рухани, мәдени-тарихи мұраларды сақтауға, «Қамқор» жобасы қарттар үйіндегі еріктілер жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сондай-ақ, еріктілер ауыл мектептеріндегі жоғары сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау, ағылшын тілін үйретіп, компьютерлік сауаттылықты жетілдіруге көмектесетін «Білім», екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 75 жылдығы аясында отандастарымыздың ерлігін баяндайтын құжаттарды іздестірумен «Үміт» жобалары бойынша айналыса алады.

Жуырда Facebook әлеуметтік желісінен облыстық балалар ауруханасының ішкі қабырғаларына сурет салған волонтерлер жұмысын байқап қалдық. Аппақ қабырғада енді сүйкімді анимация кейіпкерлері – дәрігер Айболит, қызғылт кокиказ, көңілді орман тұрғындары болатыны бала түгілі, бізді де қуантты. Суретті салған Қорқыт ата атындағы ҚМУ дизайн факультетінің оқытушылары, бояуға көмектескен де еріктілер. Ал волонтерлерді осындай іске біріктірген «Сабақтастық» бағытының үйлестірушісі – Болатбек Айтбенбетов.

«Сабақтастық» бағыты облыстық жастар ресурстық орталығы еріктілер штабы жанынан құрылған. Бүгінде құрамында мектептің жоғары сынып оқушыларынан бастап, студент, оқытушы, сала басшыларына дейін бар.

– Нерізгі бағыт – қиын жағдайдағы, ата-ана қарауынсыз қалған жасөспірімдерге қамқор болу. Қазір қалада жетімдер үйі жоқ. «Атамекен» отбасылық үлгідегі балалар ауылы бар. Бұл орталықты бұрынғы А.С.Макаренко атындағы балалар үйімен салыстырсақ, жағдай жер мен көктей. «Атамекенде» балалар толыққанды отбасы балаларындай өмір сүреді, аналары бар, жеке үйде тұрады. Қазір карантин талабына байланысты «Атамекенге» бару жоспарымызды кейінге қалдырдық. Сондай-ақ, «Ақмешіт» шағын ауданындағы көмелетке толмаған балалармен жұмыс істейтін пробация орталығымен де тығыз байланыс орнаттық. Ал, төтенше жағдай кезінде жұмысты бөліп-жармай, көмекке мұқтаж отбасыларға азық-түлік апару, бет-перде тарату жұмыстарымен айналыстық, – деді Болатбек Айтбенбетов.

Болатбектің өзі де қаладағы «Асыл мирас» аутизм орталығының жетекшісі. Мұндағы жұмыс та волонтерлікке ұқсас. Балаларға тегін қызмет көрсетіледі.

– Волонтер – ерікті, ақы-меттік желісінен облыстық балалар ауруханасының ішкі қабырғаларына сурет салған волонтерлер жұмысын байқап қалдық. Аппақ қабырғада енді сүйкімді анимация кейіпкерлері – дәрігер Айболит, қызғылт кокиказ, көңілді орман тұрғындары болатыны бала түгілі, бізді де қуантты. Суретті салған Қорқыт ата атындағы ҚМУ дизайн факультетінің оқытушылары, бояуға көмектескен де еріктілер. Ал волонтерлерді осындай іске біріктірген «Сабақтастық» бағытының үйлестірушісі – Болатбек Айтбенбетов.

«Сабақтастық» бағыты облыстық жастар ресурстық орталығы еріктілер штабы жанынан құрылған. Бүгінде құрамында мектептің жоғары сынып оқушыларынан бастап, студент, оқытушы, сала басшыларына дейін бар.

Иә, «Сабақтастық» бағытының волонтерлер балаларды қуантудың осындай да жолын тауыпты. Еңбегіне ақы сұрамайтын еріктілер еліміздің кішкентай тұрғындарына қамқор болу жұмыстарын жалғастыра бермек.